**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ**

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

**Мамыр айы 2021 жыл | № 05 (20)**

**Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым**

**----------------------------------------------**

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы
МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша
Шығу жиілігі: айына 1 рет     Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы  Бас редакторы: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты:  білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

----------------------------------------------

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы  ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының  пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

----------------------------------------------

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.
Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

----------------------------------------------

Тапсырыс: 562     Таралымы: 3000 дана.
Журнал  «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы – 2021жыл    Телефон: 8 777 055 0590

# БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӘКЕНІҢ РОЛІ

**ТУРСУНЖАНОВА ЛЯЗЗАТ НАЗИРЖАНОВНА**
*Шымкент қаласы, № 103 жалпы орта білім беретін*
*мектептің бастауыш сынып мұғалімі*

**Тақырыбы:** « Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі ».
**Мақсаты:** Бала тәрбиесіне деген әкелердің көзқарастарын кеңейту,отбасында және бала тәрбиесінде әкелер мен ер-азаматтардың мәртебесін көтеру, қоғамда әкенің рөлін биіктету. Әрбір тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-пікірлерімен бөлісу.Отбасындағы әке мен ер азаматтың рөлінің мәнін ұғындыру.
**Өткізу формасы**: дөңгелек үстел
**Әдісі**: ой қозғау, пікірталас

**Барысы:**

¬ Кіріспе бөлім
«Әке – шаңырақтың негізгі тірегі»
(Әке туралы сөз, әкенің ролі қандай?)
¬ Видео көрсету
¬ Ашық пікір тыңдау.
¬ Ситуациялық жағдаяттарды шешу.
¬ Ойын «Киіндірші мені әке!»
¬ Қорытынды.
¬

**Кіріспе бөлім**
**Психолог:**
«Ана – сая болар бағың болса,
Әке - асқар тауың» дейді қазақта.
Бір күн бар, жылатар күн, жұбатар күн.
Бір күн бар, мұңайтар күн, қуантар күн.
Мейлі ол шаңырақ сәтті болсын, сәтсіз болсын,
«Әке» деген сезімді ұмытар кім, - дей отырып,
сіздерге арналған: «Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» атты дөңгелек үстелімізді ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.
**Танысу**:
«Мен .....»
Әңгімемізді бастамас бұрын алдымен бір-бірімізбен танысып алсақ. Оны іске асыру үшін әркім өзінің аты-жөнін айтып, атын қандай да бір жеміспен немесе өсімдіктің атымен байланыстырып айту қажет. Одан кейін келесі адам алдындағы адамның есімін айтып барып өз атын айтады. Ойын солай жалғаса береді. Мысалы: Алмас – Ананас немесе Аққайың.
**Психолог:**
«Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз,
Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» дейді халқымыз, бүгінгі дөңгелек үстелімізде әке туралы ой қозғалады. Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез – құлқы, өзгелермен қарым – қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі - өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл – береке, ынтымағы үшін отағасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие. Оның тәрбиелік рөлі де зор. «Әке – асқар тау», «Әке – балаға сыншы» дейді халқымыз.
**Видео көрсету.**
**Психолог:**
Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір – шапағат көзі – әке.
Әке тәрбиесін, әкенің орнын ешкім де баса алмасы анық. Ер бала мен қыз тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше.

Қазақ халқында «Бір бала бар – атадан өте туады, бір бала бар – кері кете туады» деген тұжырымға, баланың қандай болмағына негіз қалайтын да әкенің өзі.

Кейбір ер азаматтарымыз бала тәрбиесіне олар есейгенде ғана араласқаным дұрыс, ал сәбиі жыласа жұбатып, қарны ашса тамақтандырып, жөргегін ауыстыру – тек әйелдің міндеті деп ойлайды. Ал кейбіреулері тіпті «балаларымен әурелену» олардың «еркек» деген атына нұқсан келетінін айтады.

***1. Ал сіздердің пікірлеріңіз қандай?***

Шындығына келсек, бала өмірінің бірінші жылында-ақ анасын әкесінен, ал әкесін өзге ер адамдардан ажырата біледі. Баланың әкесі мен анасына деген қарым-қатынасы екі түрлі болады. Осы алғашқы жылында әке баланың жанында көп болып, тәрбиесі мен қамқорлығына көп мән берсе екеуінің арасында тығыз психологиялық байланыс орнайды. Ал бұл сәбидің болашақ дұрыс мінез қалыптастыруына алғашқы қадам болмақ.

**Ашық пікір тыңдау**

**Психолог:** -Өздеріңіз тамашалаған видеоға қарап қандай пікірге келдіңіздер?

Отбасы - адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата - ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел болам десең, бесігіңді түзе»,- деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе?

Келесі көріністі тамашалайық.

**Психолог:** Біздің әрбір күніміз жұмысқа,оқуға,балабақшаға баруға қарбалас еңбекпен басталады. Кейбір ер азаматтарымыз бала тәрбиесіне олар есейгенде ғана араласқаным дұрыс, ал сәбиі жыласа жұбатып, қарны ашса тамақтандырып, жөргегін ауыстыру – тек әйелдің міндеті деп ойлайды. Ал кейбіреулері тіпті «балаларымен әурелену» олардың «еркек» деген атына нұқсан келетінін айтады . Әр үйдегі әйелдердің көбі ерлермен бірдей әртүрлі салада еңбек етеді.Соған қарамай үйдегі еңбекті тек әйел адамның ғана міндеті деп түсінетін ұғым әлі күнге дейін көпшілігіміздің санамыздан қалмай келеді. Көптеген отбасында үй шаруасын үй ішіндегілері тегіс бөліп атқарады. Мысалы,кейбір отбасында демалыс күні үй ішіндегі үлкенді-кішілі адамдар,бала- шаға бәрі қатысатын «сенбілік» ұйымдастырылады. Балалардың бірі шаң сүртсе,екіншісі су тасиды,үшіншісі даладағы заттарды шығарып,қағып сілкиді.Қалғандары шамасына қарай кір жуады немесе аяқ киімдерін тазартып,жинастырады.

Мұндай «сенбіліктің» уақыты алдын-ала ескертіледі. Әркімнің істейтін жұмысы бөлінеді, киетін халаттары немесе алдарына тағатын алжапқыштары, бастарына тартатын орамал, аяқтарына киетін аяқ киімдеріне дейін әзірленіп қойылады. Үйдегі еңбекке отбасы мүшелерінің тегіс қатысуы сол үйдің балаларына үлкен тәрбие мектебі десе болады.Олар еңбек ете жүре, бір-біріне көмектесіп, бірінің жұмысын екіншісі жеңілдететініне қуанады. Бір-біріне деген мейірімділік пен еңбектен ләззат алу олардың бойында жағымды сезім тудырады. Мұндай ұжымдық еңбек күнін балалар асыға күтетін болады, бірте-бірте осынау, жақсы әдет қалыптасып, еңбексүйгіштік қасиет дами түседі.

**1. Ал, құрметті әкелер сіздің үйдің өзіндік қандай дәстүрі бар?**

**Ситуациялық жағдаяттарды шешу.**

1. «Баланың балалығын тыйдым дегенше, ер жеткендегі даналығын тыйдым деңіз» депті бір кемеңгер. Бұған пікіріңіз қандай?

2. Ауылдағы балалардың ең ересегі сіздің ұлыңыз. Үлкендердің бірнеше рет ескеркеніне қарамастан олар үй маңында доп ойнауды доғармады. Балаңыздың қатты тепкен добы ақыры көршіңіздің терезесін сындырды. Сіздің әрекетіңіз?

3. «Әйеліңе балаң жоқ жерде ақыл айт, балаңа адам жоқ жерде ақыл айт» дейді. Сіз ақылды қалай айтасыз?

4. Балаңыз жақсы. Тәртіпті, сыпайы болып өсіп келеді. Жаңа үй сатып алуыңызға байланысты оны басқа балабақшаға ауыстырдыңыз. Балаңыздың белсенділігі төмендеген сияқты. Мінезіне де өзгерістер енгендей. Бұрынғыдай емес, ашуланшақ. Бірнеше рет себебін сұрағаныңызбен еш нәрсе айта қоймады. Енді не істейсіз?

5. Сіз балаңызды таңертеңгі ұйқыдан қалай оятасыз?

6. Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер. 4 - 6 жастағы бала күніне көптеген сұрақ қоятын көрінеді.

Мысалы: түн неге қараңғы, күн қайда кетті, ұшақ қалай ұшады... деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің балаңыз да осындай сауалдарды көп қойса, жауап беруге тырысасыз ба, жоқ, әлде елеусіз қалдырасыз ба?
7. Сізге «сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылды. Тағы көрші ата - аналардан да «біздің баланы ұрды» деген сөз естуге тура келді дейік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?
8. Кейбір ата - аналардың баласының әрбір істеген іс - әрекетіне көңілі толмай: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың?»- деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс – әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?
9. Балаңызға ризашылығыңызды қалай білдіресіз?
10. Балаңыздың тәтті қылықтары
11. Балаңыз сізге қандай көмек көрсетеді?
12.Дүкенді балаңызбен аралап жүр едіңіз, балаңыз кенеттен бір үлкен қонжық ойыншыққа жармасып алды. Сол жерде «алып берші» деп, бүкіл дүкенді басына көтеріп жылай бастады. Сіздің әрекетіңіз?
13.Балабақшаға сіз балаңызды алып келіп, киіндіріп отыр едіңіз, кенеттен орындық сынып кетті. Тәрбиешінің мұныңыз не? Орындық балаларға арналған, неге отырдыңыз деген сұрағына қалай жауап бересіз?
14. Балаңыз кешке үйге қайтатын уақытта сізге өз шағымын айтып, бір баланың ұра беретінін жеткізді? Сіздің әрекетіңіз?
15. Балабақшадан сізге тәрбиеші қоңырау шалды. Ол сізге балаңыздың құлап жарақатанып қалғанын айттып, міндетті түрде әкесінің келіп алып кетуін өтініп отырғанын хабарлады. Бірақ сіз өзіңіз шұғыл бір іспен жұмыста айналысып отырсыз? Сіз осы жағдайда қалай әрекет етесіз?
16. Үйде басқа отбасы мүшелерінен ешкім жоқ. Тек балаңыз екеуіңіз қалғансыздар. Осы мезетте балаңыздыің қарны ашып өзіне ботқа әзірлеп беруін өтінді. Сіздің әрекетіңіз? Және де асты қалай дайындайтыныңызды айтып берсеңіз.
17. «Әке» туралы қандай мақал-мәтелдер білесіз?

**Ойын :«Киіндірші мені әке!»**
**Ойынның шарты:**
Сіздер отбасыңызбен шет елге демалуға бармақшы болдыңыздар. Аяқ астынан жұбайыңыз қоңырау шалып, ұшуға белгіленген уақыттың өзгертіліп, тез жарты сағат уақыт қалғанын айтты. Қырсық қылғанда балаңыз дайын емес және үйіңізбен аэропорттың арасы тура 30 минуттық жер. Яғни сіз сол минутта үйден шықпасаңыз үлгере алмайсыз. Сіздің әрекетіңіз.Әкелер алдына келген ұл бала болсын, қыз бала болсын жылдам киіндіріп алып шығу.

**Қорытынды.**
Ата - анаға көз қуаныш,
Алдына алған еркесі.
Көңіліне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой - өлкесі,- деп Абай атамыз айтқандай ата ананың қуанышы, гүлденген үміт арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер олардың ең басты үлгі болар бейнесі екенімізді ұмытпайық. «Әкеге қарап ұл туар» демекші, жақсы мінездер мен асыл қасиеттерді ардақтай білейік, атымызға сіңіріп, бойымызға дарыта білейік. Бүгінгі дөңгелек үстелімізді қорытындылау үшін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары .................................................... сөз беріледі.

**Психолог:**
Құрметті қонақтар, бүгінгі дөңгелек үстелге қатысып, пікір алмасып, көзқараспен бөлісіп, сұрақтарға жауап беріп атсалысқандарыңызға көп - көп рахмет. «Бала тәрбиесі баршамыздың борышымыз» екенін естен шығармайық. Келгендеріңізге рахмет. Қош сау болыңыздар!

**КАСЕНОВА НУРАШ ЖЕКСЕМБАЕВНА**
*Алматы облысы, Сарқан ауданы, Екіаша орта мектебі.*
*Математика пәнінің мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар: Натурал сандар және нөл** | **Мектеп: Екіаша орта КММ** |
| **Күні** | **Мұғалім есімі: Касенова Н** |
| **Сынып 5 «а»** | **Қатысқандар саны** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Натурал сандарды қосу және азайту |
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты** | 5.1.1.1 натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру;<br>5.1.2.2<br>амалдар саны төрттен артық болатын жақшамен және жақшасыз берілген санды өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтау және мәндерін табу;<br>5.1.2.3 санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін қолдану; |
| **Сабақтың мақсаты** | натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру<br>амалдар саны төрттен артық болатын жақшамен және жақшасыз берілген санды өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтау және мәндерін табу; санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін қолдану; |
| **Жетістік критерийлері** | **Барлық оқушылар:**<br>натурал сандар жиынын біледі, санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін қолдана алады.<br>**Көпшілігі:**<br>амалдар саны төрттен артық болатын жақшамен және жақшасыз берілген санды өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтайды, мәндерін таба алады<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Натурал сандарды қосу, азайтуға арналған күрделі есептерді шығара алады. |
| **Тілдік мақсаттар** | Оқушылар:<br>Натурал сандар,санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін айта алады<br>Пәнге тән лексика мен терминология:<br>¬ натурал сандар;<br>¬ натурал сандарды қосу;<br>¬ натурал сандарды азайту;<br>¬ санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттері;<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:<br>¬ санауда қолданылатын ......... натурал сандар деп аталады<br>¬ натурал сандарға ...... амалдар қолданады |
| **Құндылықтарға баулу** | Оқушыны ұқыпты тыңдауға, сұрақтарға нақты жауап беруге, практикамен ұштастыруға, тез шешім қабылдауға, өз білімін көрсете алу қасиеттерін азаматтық жауапкершілікке үйрету,топпен жұмыс жасай алу, сынға дұрыс қарау. |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих (натурал сандар шығу тарихы) , жаратылыстану (есеп мазмұны) |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интерактивті тақта, ғаламтор желісі |
| **Алдыңғы оқу** | Натурал сандарды салыстыру. Қос теңсіздік |
| | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** |
|---|---|
| Басталуы<br><br><br><br>Ширату жаттығуы<br>3 минут<br><br><br><br><br><br><br>Сабақтың ортасы<br>Жаңа сабақ.<br>10 минут | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>1. Оқушыларды сәлемдесу, түгендеу.<br>2. «Шаттық шеңбері» .Көзді жұмып, жай әуенмен «Тыныс алу» жаттығуын орындау. Оқушыларды **«амалдар»** тренингі арқылы 3 топқа бөлемін.Топ ережесін еске түсіремін.<br>3**. Үй тапсырмасын тексеру.**<br>**«Бұрыштар» әдісі.** Мұғалім оқушыларға сұрақтар ұсынады және мүмкін төрт жауабын сыныптың төрт бұрышына орналастырады.. Оқушы өзіне дұрыс деген жауаптың қасына барып тұрады, таңдаған жауаптарын топпен талқылап, өз көзқарастарын дәлелдейді.<br>**21 *13 ; 72 * 63; 91 *19**<br>**ҚБ: «Мадақтау»**<br>**«Броундық қозғалыс» стратегиясы.** (Сынып ішінде тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ақпараттар орналастырылады. Оқушылар бүкіл сынып ішінде қозғала жүріп,берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды )<br>«Натурал сандарды қосу мен азайту» тақырыбы бойынша білімдерін тереңдету.<br>I топ. II топ III топ<br>Топтар өздерінің жинаған деректерін тақтада қорғау.<br>**ҚБ: «Смайликтер»**<br>Есептер шығарту. **«Менің шешімім» әдісі**. (Оқушылар есепті шығарып бір-бірімен дәптер алмасу арқылы тексереді. )Дұрыс жауап интерактивті тақтада көрсетіледі.<br>№14 №17 №34<br>**Дескриптор:**<br>Натурал сандарды қосуды біледі<br>Натурал сандарды азайтуды біледі<br>Санды өрнектің мәнін таба алады. |
| Сергіту сәті<br>2 минут | **«Әріптер мен сандар» әдісі**.<br>Мұғалім оқушыларға сан айтады. Қай топ 10 санағанша , әртүрлі тәсілмен бірінші құрастырып болса , солар жеңімпаз болады.<br>**ҚБ: Мадақтау** |
| Математикалық сауаттылыққа тапсырма.<br>23 минут | **Қосымша тапсырма.**<br>**« Фишбоун» әдісі.** Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылау, белгілі бір қорытынды жасауға жетелеу.<br>**Велосипедтер**<br>Джастин, Саманта және Питер түрлі көлемді велосипедтерді тебеді. Келесі кесте олардың велосипедтері дөңгелектің әрбір аяқталған айналымы үшін жүріп өтетін ара-қашықтықты көрсетеді.<br>1 – сұрақ: Велосипедтер Питер өз велосипедін үш аяқталған дөңгелек айналымы ішінде қозғады. Егер Джастин өз велосипедінде соншалықты айналым жасаса, Джастиннің велосипеді Питердің велосипедімен салыстырғанда қаншалықты ұзын арақашықтыққа жүреді? Жауаптарды сантиметрлермен беріңіз.<br>Жауап: .................................................см.<br>Дұрыс жауап: 282 см.<br>2 – сұрақ: Велосипедтер Сαмантаның велосипеді 1280 см жүру үшін қанша айналым жасайды? |

<table>
<tr><td></td><td>Жауап: ......................................................................................айналымдар<br>Дұрыс жауап: 8.<br>Скейтборд<br>Эрик скейтбордты өте жақсы көреді. Ол бағаларды салыстыру үшін SKATERS атаулы дүкенге келді. Бұл дүкеннен Сіз дайын тақтаны сатып ала аласыз. Сіз тақтаны, 4 дөңгелекті, 2 жүріс бөлігін, және бекіту бұйымдарының жинағын сатып алып, өзіңіз қалаған тақтаны құрастыра аласыз. Дүкен өнімдерінің бағасы:<br>1 – сұрақ: Скейтборд Эрик өзі қалаған скейтбордты жинақтап алғысы келеді. Бұл дүкенде өз қолымен жинақталатын скейтбордтар үшін ең төмен баға және ең жоғары баға қандай?<br>(a) Ең төмен баға: .................................зед.<br>(b) Ең жоғары баға: ..............................зед.<br>Дұрыс жауап: Ең төмен (80) де және ең жоғары (137).<br>2 – сұрақ: Скейтборд Дүкен үш түрлі тақтаны, дөңгелектердің екі түрлі жинағын, бекіту құралдарының екі түрлі жинағын ұсына алады. Жүріс бөлігіне тек бір ғана таңдау бар. Эрик скейтбордтардың қанша түрін жинай алады?<br>2. 6 B. 8 C. 10 D. 12<br>жауап: D. 12.<br>3- сұрақ: Скейтборд Эрикте 120 зед бар және ол шамасы жеткенінше ең қымбат скейтборд сатып алғысы келеді. Эрик әр 4 бөліктің әрқайсысына қанша ақша жұмсай алады? Өз жауабыңызды төменде берілген кестеге жазыңыз.<br>Дұрыс жауап: Тақта үшін 65 зед, 14 зед дөңгелектерге, 16 зед жүріс бөлігіне және 20 бекіту құралдарына жұмсалады.<br>Дескриптор:<br>Натурал сандарды қосуды біледі<br>Арақашықтықты салыстыра алады<br>Санды өрнек құрастыра алады<br>Бағалардың айырмашылығын анықтайды<br>Барлығы белсенді жұмыс жасайды</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы.<br>2 минут</td><td>Үйге тапсырма: № 66<br>Кері байланыс.»Бағдаршам»</td></tr>
</table>

| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** |
|---|---|
| **Қабілеті жоғары оқушыны қосымша тапсырмалар «Бұрыштар» , «Әріптер мен сандар» ойыны және ізденуге арналған шығармашылық тапсырмалар арқылы одан әрі жетілдіру; оқушылар бірін бірі толықтыру, ой бөлісіп бағыттау, тексеру мақсатында жұптық жұмыс; оқушылар арасында татулық орнату мақсатында топтық жұмыс; деңгейлік тапсырмаларды орындауда өздігінен жұмыс жасау қабілетін дамыту мақсатында өзіндік жұмыс, математикалық сауаттылықты арттыру мақсатында PISA тапсырмасы** | ҚБ: Бағдаршам<br>ҚБ: Мадақтау<br>ҚБ: Дескриптор<br>**ҚБ: «Смайликтер»** |

# «ДИНАМИКА НЕГІЗДЕРІ»
# ТАҢДАУ КУРСЫНЫҢ АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

**КАЙРАЛАПОВА КУАНЫШ БАЙДРАХМАНОВНА**
*Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы*
*«№ 1 мектеп-гимназия» КММ. Физика пәнінің мұғалімі*

## ТҮСІНІК ХАТ

Динамикада денелер арасындағы әсерлесулердің олардың механикалық қозғалысына әсері қарастырылады. Қолданбалы материалды теориялық зерделеу кезінде оның мазмұны, негізінен, адамзат қоғамындағы жаратылыстану ғылымдарының рөлін көрсетуге, оқушылардың ғылым жетістіктерін әртүрлі көзқарас тұрғысынан бағалай алуға, ғылыми- техникалық прогреске байланысты туындайтын экологиялық проблемаларды түсінуге бағытталады.

Бағдарлама мемлекеттік білім стандартының негізінде жасалып, білім беру жүйесін сапалы деңгейге көтеруді көздейді. Қазіргі білім беру жүйесінің 12 жылдық білім беруге көшуі болашақта білім беру жүйесін ізгілендіре түсуді, жалпы білім берудің этникалық, мәдени демографикалық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескеруді көздейтіндіктен, бұл бағдарламада оқушыны келешек өмірге дайындау, білім алу және кәсіби бағыт-бағдарының қалыптасуына арналған.

Динамиканың негізгі заңдарын оқығанда оқушылар тек ғылымның негізін біліп қана қоймай, ғылыми таным әдістерін, қазіргі заманғы өндірістің, техниканың, адамға тұрмыстық қызмет көрсетудің практикалық тәсілдері мен икемділіктерін игере білуі тиіс. Бағдарлама 34 сағатқа арналған, бес тараудан тұрады, әр тарауда қарастырылатын мәселелер оқушының шығармашылық қабілетін, іскерлік дағдысын, физика пәніне деген қызығушылығын туғызады.

Бағдарламаға енген материалдар оқушылардың теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға, оқушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әрбір мұғалім өз қалауынша жасауына болады. Бұл үлгі есебінде ұсынылып отыр.

Бағдарлама жас мамандарға әдістемелік көмек ретінде қолдануға арналған.

**Курстың мақсаты: О**қушылардың негізгі курстан алған білімін жетілдіру, білімді меңгеруін қамтамасыз ете отырып, ғылым ретінде динамиканың алдында тұрған негізгі мәселелерді зерделеу және зерттеу ұмтылыстарын арттыру.

**Курстың міндеттері**:1. оқушылардың ғылыми түсініктер жүйесі негізінде сын тұрғысынан ойлауын дамыту;

2. оқуға жауапкершілікпен карауға, қоршаған ортаны қорғау және табиғи қорларын ұтымды пайдаланауға дағдыландыруға;
3. қоғам және адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін дағдыларды қалыптастыруға;
4. базалық білім негізінде экономикалық және саяси, әлеуметтік, мәдени қызметтерге ат салысу дағдысына тәрбиелеу.

Мамандыққа бағдарлау: Инженер, механик, жобалаушы, техникалық.
Пәнаралық байланыс: математика, география,информатика.
Таңдау курсын ұйымдастыру тәсілдері: лекция, жеке жұмыс, топтық жұмыс, практикалық жұмыс.
Таңдау курсын қорытындылау түрлері**:** деңгейлік тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба қорғау, сынақ .

**Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

Оқушылардың дайындық деңгейі пәндік, тұлғалық, жүйелі-әрекеттік нәтижелері бойынша бағаланады.

Пәндік нәтижелер "білуі тиіс" және "меңгеру тиіс" аспектілерімен көрсетілген.

9 -сынып физикадан таңдау курсын оқу нәтижесінде оқушылар білуі тиіс:
Теориялар (Ньютон заңдары, сақталу заңдары, жұмыс, энергия);
Ұғымдар (инерциалды санақ жүйесі, материялық нүкте, инерттілік).
физикалық шамалар (масса, күш, импульс, жұмыс, қуат, механикалық энергия).
заңдар, қағидалар және постулаттар (тұжырымдамасы, қолданылу шекарасы);

жаңаратын және жаңармайтын табиғи қорларды тиімді пайдалану негіздерін, адамның белсенді іс-әрекеті арқылы табиғи нысандарда байқалатын физикалық заңдылықтарды.

9-сынып физикадан таңдау курсын оқу нәтижесінде оқушылар меңгеру тиіс:

1. физикадан игерген динамикалық қоғалыс, күштер туралы білімдерін күнделікті өмірде проблемалық жағдайларды шешуге қолдана алуы;

2. бақылаулар мен эксперимент нәтижелерін сипаттап, түсіндіре алуы.

**Күтілетін нәтижелер**

Тұлғалық нәтижелер:

1.өздігінен игерген жаңа біліммен және практикалық дағдымен қаруланудағы дербестігін көрсете алуы;

2.өзінің қызығушылығы мен мүмкіндігіне сәйкес өмірдегі жолын таңдауға дайын болуы тиіс.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1. практикалық тапсырмаларды орындауда және оларды рәсімдеуде, білімді тереңдетуде және толықтыруда қазіргі заманғы ақпаратты-коммуникациялық технологияларды қолдана алуы;

2.физикадан ақпаратты компьютерлік базадан және "Интернет" желісінен іздеу, өңдеу, ұсыну үшін жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана алуы;

3. ғылыми ақпаратты талдай алуы, синтездеу жолымен өңдей алуы тиіс.

**Таңдау курсының мазмұны:**

**I. Кіріспе (2 сағат)**

**II. Ньютон заңдары (13 сағат)**

1. Ньютонның бірінші заңы (1 сағат)
2. Инерциялық санақ жүйелері (1 сағат)
3. Күш. Бірнеше күштің тең әсерлі күші (1 сағат)
4. Ньютоның екінші заңы (1 сағат)
5. Ньютоның үшінші заңы (1 сағат)
6. Бүкіләлемдік тартылыс заңы (1 сағат)
7. Денелердің ауырлық күші әрекетінен қозғалысы (1 сағат)
8. Жоғары лақтырылған доптың жылдамдығын анықтау (1 сағат)
9. Дененің ұшу уақытын, бастапқы жылдамдығын анықтау (1 сағат)
10. Жасанды серіктердің қозғалысы (1 сағат)
11. Есептер шығару (1 сағат)
12. Дененің салмағы (1 сағат)
13. Сынақ. Жауабын тап (1 сағат)

**III. Сақталу заңдары (11 сағат)**

1. Импульс. Импульстің сақталу заңы (1 сағат)
2. Импульстің сақталу заңына есептер шығару (1 сағат)
3. Сынақ. Біліміңді тексер (1 сағат)
4. Энергияның сақталу заңы (1 сағат)
5. Көлбеу жазықтықпен бұрыш жасай қозғалған дененің жазықтық табанындағы жылдамдығын анықтау (1 сағат)
6. Шырпы қорабы мен сызғыштың арасындағы үйкеліс коэффициентін анықтау (1 сағат)
7. Ағаш білеуше мен тақтай арасындағы үйкеліс коэффициентін анықтау (1 сағат)
8. Ауырлық күшінің жұмысын, потенциалдық және кинетикалық энергиялардың өзгерістерін есептеу (1 сағат)
9. Тік жоғары лақтырылған дененің потенциалдық, кинетикалық энергияларын есептеу (1 сағат)
10. Тік жоғары лақтырылған дененің потенциалдық, кинетикалық энергияларының мәндері теңесетін биіктікті есептеу (1 сағат)
11. Үйкеліс күшінің жұмысын және кинетикалық энергияның өзгерісін есептеу (1 сағат)

**IV . Жұмыс және энергия (4 сағат)**

1. Механикалық жұмыс пен қуат (1 сағат)
2. Механикалық жұмыс пен қуатты есептеу (1 сағат)
3. Жұмысты салыстыру (1 сағат)
4. Энергияның түрленуін есептеу (1 сағат)

**V. Қорытынды (4 сағат)**
1. Сынақ. Жауабын тап. (1 сағат)
2. Ньютон заңдары (1 сағат)
3. Динамика негіздері (1 сағат)
4. Жоба қорғау. Галереяға саяхат (1 сағат)
**Барлығы 34 сағ**

**Тақырыптық жоспар**
**Барлығы 34 сағат. Аптасына 1 сағат**

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Сабақ түрі | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Теория-лық | Есептер шығару | Прак-қ жұмыс | Өтілу мерзімі |
| **I** | **Кіріспе** | **1** | 1 | | | |
| 1 | Динамика нені зерттейді? | 1 | 1 | | | |
| **II** | **Ньютон заңдары** | **13** | | | | |
| 1 | Ньютонның бірінші заңы | 1 | 1 | | | |
| 2 | Инерциялық санақ жүйелері | 1 | | 1 | | |
| 3 | Күш. Бірнеше күштің тең әсерлі күші | 1 | | | 1 | |
| 4 | Ньютоның екінші заңы | 1 | | 1 | | |
| 5 | Ньютоның үшінші заңы | 1 | | 1 | | |
| 6 | Бүкіләлемдік тартылыс заңы | 1 | | 1 | | |
| 7 | Денелердің ауырлық күші әрекетінен қозғалысы | 1 | | | 1 | |
| 8 | Жоғары лақтырылған доптың жылдамдығын анықтау | 1 | | | 1 | |
| 9 | Дененің ұшу уақытын, бастапқы жылдамдығын анықтау | 1 | | | 1 | |
| 10 | Жасанды серіктердің қозғалысы | 1 | | 1 | | |
| 11 | Жасанды серіктердің қозғалысы тақырыбына есептер шығару | 1 | | 1 | | |
| 12 | Дененің салмағы | 1 | | | 1 | |
| 13 | Сынақ. Жауабын тап | 1 | 1 | | | |
| **III** | **Сақталу заңдары** | **11** | | | | |
| 1 | Импульс. Импульстің сақталу заңы | 1 | | 1 | | |
| 2 | Импульстің сақталу заңына есептер шығару | 1 | | 1 | | |
| 3 | Сынақ. Біліміңді тексер | 1 | | 1 | | |
| 4 | Энергияның сақталу заңы | 1 | | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Көлбеу жазықтықпен бұрыш жасай қозғалған дененің жазықтық табанындағы жылдамдығын анықтау | 1 | | | 1 | |
| 6 | Шырпы қорабы мен сызғыштың арасындағы үйкеліс коэффициентін анықтау | 1 | | | 1 | |
| 7 | Ағаш білеуше мен тақтай арасындағы үйкеліс коэффициентін анықтау | 1 | | | 1 | |
| 8 | Ауырлық күшінің жұмысын, потенциалдық және кинетикалық энергиялардың өзгерістерін есептеу | 1 | | 1 | | |
| 9 | Тік жоғары лақтырылған дененің потенциалдық, кинетикалық энергияларын есептеу | 1 | | 1 | | |
| 10 | Тік жоғары лақтырылған дененің потенциалдық, кинетикалық энергияларының мәндері теңесетін биіктікті есептеу | 1 | | 1 | | |
| 11 | Үйкеліс күшінің жұмысын және кинетикалық энергияның өзгерісін есептеу | 1 | | 1 | | |
| **IV** | **Жұмыс және энергия** | **4** | | | | |
| 1 | Механикалық жұмыс пен қуат | 1 | | 1 | | |
| 2 | Механикалық жұмыс пен қуатты есептеу | 1 | | 1 | | |
| 3 | Жұмысты салыстыру | 1 | | | 1 | |
| 4 | Энергияның түрленуін есептеу | 1 | | 1 | | |
| **V** | **Қорытынды** | **4** | | | | |
| 1 | Сен білесің бе? Танымдық сағат | 1 | | | 1 | |
| 2 | Ньютон заңдары | 1 | | 1 | | |
| 3 | Динамика негіздері | 1 | | 1 | | |
| 4 | Жоба қорғау. Галереяға саяхат | 1 | | | 1 | |

# МАМАНДЫҚ - ӨМІР БАСТАУЫ

**КОБЕНКУЛОВА ЖАНАР ТОКТАКЫНОВНА**
**РЫСБАЕВА АЙМАН КАЛИЕВНА**
*Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясының оқытушылары*



Мамандық – бұл әрбір адамның сүйіп, әрі қуана жасайтын ісі, оның ертеңгі болашағы.

Әр адам мамандығын өзі таңдауы және оған құрметпен қарауы керек. Себебі мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді және адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі.

Кемеңгер дана Абай атамыздың «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта, бар қалан»,–деген қасиетті сөзі өз мақсатына жету үшін біздерге зор мүмкіндіктерге жол ашады.

Болашақта үлкен мамандық иесі болатынын армандамайтын бала болмайды.

Сондықтан мамандық таңдау – жасөспірім кездегі адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі көп. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт.

Адам еңбегінен қуанышын таба білсе, бойына жаңа күш қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі. Зор ықылас, шабытпен істеген іс – табыс биігіне жеткізетін қанат.

Соңғы жылдары елімізде техникалық мамандықтарға көп көңіл бөлініп, мемлекеттік оқу гранттары жылдан-жылға көбірек бөлінуде.

Қазіргі заманғы қажеттілікке ие мамандықтарға баса назар аударылуда. Өйткені, білім алғаннан кейін жұмысқа орналасу мәселесі туындайды.

Осы орайда еліміздегі жоғары оқу орындарының бірі – Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы туралы айта кетсек.

Академиямызда студенттер 1 курстан бастап белгілі бір жобалар мен жұмыстарды орындауда негізгі құралдары карандаш пен қылқаламмен қатар графикалық бағдарламаларды қолдана білуге үйренеді. Сәулет пен дизайн мамандықтары бойынша білім алушы студенттер қала мен оның айналасындағы әсем жерлерде практикадан өтеді.

Ал құрылыс мамандығы бойынша білім алушылар тұрғын үйлер, инженерлік жұмыстардың инфрақұрылымын салады және реконструкциялайды. Жақсы оқыған талапты студенттерімізге білімін жалғастыру үшін магистратураға, одан ары докторлық PhD-ға түсуге зор мүмкіншіліктер жасалған.

Бірауыз сөзбен айтқанда, талаптанған жастарымызға білімнің шыңына шығам десе, қаншама жолдар жатыр. Міне, аз уақыттан мектеп бітіруші түлектер үлкен өмірге жолдама аласыздар.

Болашақта сіздерді үлкен асулар мен биік белестер күтіп тұр. Өзіңізге ұнайтын жақсы мамандықты адаспай тауып, білгір маман болуыңыз қажет. Ал мамандық таңдағанда адаспаған дұрыс.

Мамандықтың түрі көп, оларды іріктеп, өз икеміңе қарай таңдай білген жөн.

Сондықтан, мектеп бітіруші түлектер, мамандық таңдауда қателеспейік!

**БАТЫРБЕКОВА ГУЛЬШАТ АЗЕРОВНА**
*Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарши ауылы*
*Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі*
*Тарих пәні мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:** | 9.2В Кеңестік Қазақстанның мәдениеті. (1946-1985 жылдар) | |
| **Сабақ тақырыбы:** | XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы. (2 сабақ) | |
| **Сынып: 9** | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |
| **Осы сабаққа негізделген оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 9.2.2.2.М.Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі орнын және әлем тілдеріне аударылғанын біледі. | |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әлем әдебиетіндегі орнын көрсете отырып, түсіндіреді. | |
| | **Кейбір оқушылар;** Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі алатын орнына дәлелдер келтіре отырып, өз ойларын пайымдап, бағалайды. | |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі:** | Білу, түсіну,қолдану, бағалау. | |
| **Тарихи концепт:** | **Дәлел:** Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетінде алатын орнын дәлелдейді. | |
| **Бағалау критерийлері:** | - Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі орнын және әлем тілдеріне аударылғанын анықтау.<br>- «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі орнын көрсете отырып,түсіндіру.<br>- Жазушының әлем әдебиетіндегі «Абай жолы» роман-эпопеясының алатын орны туралы дәлелдер келтіру;<br>- «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі алатын орны туралы пайымдап, баға беру. | |
| **Тілдік мақсаттар:** | **Тақырып аясында талқылауға арналған тиімді сұрақтар мен нұсқаулар:**<br>-М.Әуезовтің әлем әдебиетіне қосқан үлесі қандай?<br>-Әлем әдебиетіне қандай үлес қосар едің? | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | -Оқушылардың бойында толеранттылық сананы қалыптастыру;<br>-Сыни ойлау дағдысын дамыту;<br>- Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі орнын көрсету арқылы шәкірт бойында ұлттық кодымызға және мәдениетімізге деген мақтаныш сезімдерін ұялату. | |
| **Пәнаралық байланыс:** | Қазақ әдебиеті | |
| **АКТ дағдыларын қолдану:** | Слайд, интерактивті тақта. | |
| **Алдыңғы сабақ білімі:** | XX ғасырдың 40-80 жылдардағы Әдебиет пен өнердің дамуы. **(Кім жылдам? әдісі)** | |

| Жоспар | | |
|---|---|---|
| | **Сабақта жоспарланған іс-әрекеттер** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br><br>**2 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**3 минут** | **Жағымды психологиялық ахуал туғызу.**<br>**Тренинг: «Бір тілек» ойыны.** Оқушылар шеңбер құрып, бір-біріне тілек айтып, бір-біріне жақсы көңіл-күй сыйлайды.<br>**«Санамақ әдісі»**<br>Сабақ басында оқушылар бір,екі,үшке саналып , үш топқа бөлінеді.<br>«Мұхтар Әуезов», «әлем әдебиеті», «Абай жолы» бойынша топқа бөлу.<br>**«Кім жылдам?»** әдісі. Алдыңғы тақырыпты еске түсіру мақсатында тақырыпқа қатысты сұрақтар қойылады, сұрақтарға жауап береді. (диалогтік саралау)<br>1.ХХғ 40-80 ж мәдениет салалары қалай дамыды?<br>2.ХХ ғ 40-80 ж мәдениет саласында қандай жетістіктер болды?<br>3.Қазақ әдебиеті,музыкасы мен кино өнерінің қандай дарынды өкілдерін білесіңдер?<br>**Бағалау:** Мадақтау(қошеметтеу,жарайсың)<br><br>Жаңа тақырып бойынша бейнеролик көрсетіледі.<br>-Бейнероликте қандай мәліметтер естідіңіздер?<br>-Сонымен бүгінгі тақырыбымыз не туралы болады екен?<br>(М.Әуезов өмірі,қызметі,шығармалары жайлы айтылған бейне роликті көре отырып, тақырыпты ашып аламыз).<br>Оқу мақсатымен танысады. | https://youtu.be/lRg9upMxErI<br><br>Интербелсенді тақта |
| **Сабақтың ортасы**<br>**27минут** | **Мәтін**<br>**Тапсырма 1 . «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі** (жеке оқиды, жұпта талқылайды, топпен қорғайды)<br>*Мәтінді оқып, жазып, баяндайды.*<br>**1 топ:** *«Кластер» әдісі*. -Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі орнын және әлем тілдеріне аударылғаны туралы айтып беріңіз.<br>**Критерий:** Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі орнын және әлем тілдеріне аударылғанын анықтау.<br>**Дескриптор:**<br>-Мұхтар Әуезовтің кім екенін біледі<br>-Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы»роман -эпопеясының әлем тілдеріне аударылғандығын талқылайды.<br>-Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы»роман –эпопеясының әлем әдебиетінде алатын орнын дәлелдейді<br><br><br>**Қалыптастырушы бағалау. «Стикерлер арқылы бағалау» әдісі**<br><br>Қызыл түс – Өте жақсы.<br>Жасыл түс – Жақсы.<br>Сары түс –қанағат.<br><br>**2 топ:** «*Т*»- *кестесі*. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әлем әдебиетіндегі орны көрсете отырып, түсіндіріңіз | Имжарова З.У. «Сын тұрғысынан ойлау білім алу үрдісінде» оқу-әдістемелік құрал<br>Ақтөбе қаласы, 2012ж.<br><br>http://student.zoomru.ru/lit/muezovt-abaj-zholy-romanjepopeyasyna-taldau/236898.1854567.s1.html<br><br><br><br>Плакаттар, маркерлер, стикерлер<br><br><br>https://stud.kz/referat/show/504 |

| | | |
|---|---|---|
| | *Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әлем әдебиетіндегі алатын орны*<br><br>**Критерий:**<br>- Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі орнын көрсете отырып,түсіндіру.<br>**Дескриптор:**<br>-Мұхатар Әуезовтің «Абай жолы»роман-эпопеясын біледі.<br>-Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетінде алатын орнын көрсетеді.<br>-Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы»роман –эпопеясының әлем әдебиетінде алатын орнын түсіндіреді<br><br>**Қалыптастырушы бағалау. «Басбармақ» әдісі**<br><br>**3топ:** *«Балық қаңқасы» әдісі*. -Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі алатын орны туралы дәлелдер келтіре, өз ойларын пайымдай отырып, бағалаңыз. *(қарым-қатынас формалары бойынша немесе топтық саралау)*<br><br>**Критерий:**<br>- Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі алатын орны туралы дәлелдер келтіріп, өз ойларын пайымдай отырып, бағалау.<br>**Дескриптор:**<br>-Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы»роман –эпопеясының әлем әдебиетінде алатын орны туралы бір дәлел келтіреді<br>-Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетінде алатын орны туралы бірнеше дәлел келтіреді.<br>- Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы»роман –эпопеясының әлем әдебиетінде алатын орнына баға береді<br><br>**Қалыптастырушы бағалау. «Бағдаршам» әдісі**<br>Жасыл түс – бүгінгі сабақты түсіндім.<br>Сары түс – бүгінгі сабақта орташа түсіндім.<br>Қызғылт түс – бүгінгі сабақты мүлдем түсінбедім. | 00<br><br><br>Маркерлер,плакаттар,стикерлер<br>https://arhivurokov.ru/kopilka/uploads/user_file_55157e021a495/img_user_file_55157e021a495_12.jpg<br><br><br>https://ds02.infourok.ru/uploads/ex/09b1/00007ee0-957c10a8/hello_html_m556ebddd.jpg |
| **Сабақтың аяғы**<br> | **Кері байланыс:**<br>**«Білім қоржыны»әдісі**<br>Қызыл түсті қоржын- сабақты өте жақсы түсіндім.<br>Көк түсті қоржын –Мен сабақты жақсы түсіндім.<br>Сары түсті қоржын –Тақырып бойынша әлі де ізденуім керек. | |
| **3 минут**<br> | **Рефлексия. «Аяқталмаған сөйлем»**<br>Мен бүгін білдім...<br>Маған қызықты болды....<br>Мен келесі тапсырмаларды орындадым....<br>Мен.... екенін түсіндім. | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="2">Мен енді ....жасай аламын.<br>Мен үйрендім....<br>Мен....жасай алдым.<br>Мен .....жасап көрермін.<br>Мен таңқалдым...<br>Мен өмірде қолданамын....<br>Маған ұнамады.....</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Саралау.<br>Сабақ барысында мақсат бойынша, қарым-қатынас жасауда, диалогқа түсуде, оқуды жүзеге асыру, ресурс пайдалану, оқушыға жеке, жұптық қолдау көрсету арқылы саралау жүргізіледі.<br>«Санамақ», «Кім жылдам?», «Ойлан ,жұптас, бөліс», «Кластер», «Балық қаңқасы»әдістері арқылы зерттеу сұрақтарын жүргізуді және шешімдерін табуды ұсына отырып айтылым, оқылым, тыңдалым және жазылым дағдыларын қалыптастырамын.<br><br>2.Оқушылардың білімін саралау мақсатында ізденіс, зерттеушілік, дәйектер келтіру дағдыларын дамытуды мақсат етемін. Сабақ барысында мақсат бойынша</td><td>Бағалау – сабақ барысында қолданылған бағалау түрлері: мадақтау,топтық бағалау.</td><td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау<br><br>Сыныпта қауіпсіздік техникасын сақтау туралы нұсқаулық беріледі.</td></tr>
<tr><td colspan="4">Сабақ бойынша рефлексия.<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары қол жетімді болды ма?<br>Оқушылардың барлығы оқу мақсаттарына жетті ма? Жоқ болса неге?<br>Сабақта дифференциация дұрыс өткізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Жоспардан қандай ауытқулар болды және неге?</td></tr>
<tr><td colspan="4">Жалпы баға<br>Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? (сабақ беру мен оқыту жөнінде ойланып көріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақтың жақсаруына не әсер етуі мүмкін (оқыту мен оқу жөнінде ойланып көріңіз<br>1:<br>2:<br>Сыныпта сабақ барысында мен оқушылардың қандай қиындықтарын анықтадым және келешекте сабақтарда неге назар аудару қажет?</td></tr>
</table>

# ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ

**ЖАНГАТАЕВА НАЗЕРКЕ ЕСРКЕНОВНА**
*Атырау қаласы № 4 облыстық арнаулы шипажайлық мектеп-интернат. География пәні мұғалімі*

Қазіргі білім жүйесінің ерекшілігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Оқушылардың ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыпастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

География сабақтарында ақпараттық — коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі: • оқушының өз бетімен жұмысы; • аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу; • білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру; • шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру; • қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; • қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі; • экономикалық тиімділігі; • іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену; • қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі; • оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Қазіргі таңда ақпараттық технологияны қолданбауға болмайды. Әр сабаққа, мектепте өтететін әр іс-шараға жаңа технологияны қолдану арқылы жоғары жетістіктерге жетуге болады. Сабақ кезінде ақпараттық технологияларды пайдалану барысында оқушының ойлау қабілеті дамиды. Оқушы Интернетте жұмыс жасауды, видеоролик немесе презентация жасауды және т.б, сандық технологияларды қалай пайдалану керектігінен сауатты болады.

Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды ойланып қолдануды қажет етеді.

Мектептегі технологияларға мыналар жатады:

• Теледидар бағдарламалары;
• Сандық теледидар;
• Интернет/ WWW;
• Ұялы телефон;
Ұтқыр қондырғылар;
• Компьютер / ноутбук.

Ақпараттық технологияны қолдану сабақты түрлендірудің, ерекшелендірудің және дараландырудың тәсілі ғана емес, сабақты жаңаша ұйымдастырудың мүмкіндігі болып табылады.

Ақпараттық технологияны қолданып жүргізілген сабақтарда оқушылар өзін белсенді және еркін ұстайды. Қазіргі таңда мұғалім бағыттаушы, оқушы ізденуші болып табылатындықтан оқушы өз бетімен ақпараттық коммуникативті технологияны пайдалану арқылы сабақтарға әртүрлі презентациялар жасап оны жоғары деңгейде қорғай алса, сабақтың тартымды және қызық болары сөзсіз. Оқушылардың өздері ізденіп өткізген мұндай сабақтары оқушыларды басқа әлемге, ақпараттар әлеміне тарту арқылы сол әлемді өз көзімен көруге, көргендерін жеткізу барысында тіл дамыту мүмкіндігіне ие болады.

География сабағында ақпараттық –коммуникативтік технологияларды пайдаланудың өзіндік тиімділігі бар. Егер сабақ беру барысында интерактивті тақтаның барлық мүмкіндіктерін пайдалансақ, оқушының сабаққа деген қызығушылығы артады.

Интерактивті тақта мүмкіндігін пайдаланып, ойын арқылы да оқытуға болады. Өз тәжірибемде пазыл жинау, яғни картаны кесіп, алмастырып, қайтадан жинау сияқты ойын элементтерін интерактивті тақтаның көмегімен енгіземін.Тақта арқылы картамен жұмыс кезінде «саяхат сабағында» әр аялдамаға белгілер қою, ол жердегі флора, фауна суреттерін алып қою, белгілеу т.с.с мүмкіндіктерін пайдалануға болады.

Сонымен қатар сабақтарымда оқушы дербес компьютер, аудио, видео құрылғылардың көмегімен мәтінді тыңдайды, бейнесюжеттерді көре алады. Осы арқылы аз уақытта оқушы көп ақпарат алып, уақытты үнемдейді, қашықтықтан білім алу мүмкіндігін пайдаланады; Қажетті ақпаратты жедел түрде алады. Аудио кассеталар мен CD дискке қажетті материалдарын көшіріп жазып алады; Оқушы сабағында ақпараттық – коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы оқушыға үйретуге тиісті ақпараттар мен білім қорын жүйелі түрде көрсете біледі.

Сабақта АКТ-ның көмегімен теориялық және тәжірибелік білімдерді ұштастыра отырып мен анықтаушы фактор білім беру үрдісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы білімнің қалыптасқандығы болып табылады екендігін түсіндім.

Ақпараттық – коммуникативтік технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі.Мысалы өзім жиі қолданатын тиімді әдістерінің бірі – компьютерге енгізілген тест жүйелерін сабақта қолдану.Тест жүйесі мұғалімнің уақытын үнемдеуге бір уақытта бірнеше топтарға бақылау жасауға пайдасы зор.

Қорыта айтқанда, қазіргі заманға сай ақпараттық коммуникативтік технологияларды география сынды жаратылыстану-математика бағытындағы пәнді оқытуда қолдану өте тиімді. Ол оқыту үдерісін жандандырады, уақытты үнемдейді, көп ақпаратты қамтуға, сыни ойлауға мүмкіндік береді. Оқушы тұлғасын заманауи құзырлылыққа дайындайды.

**Мен география сабақтарында ақпараттық коммуникативтік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын, білімге деген ынтасын, ізденімпаздық қасиетін, құзыреттілігін артатына, жан-жақты ізденімпаздықпен өз бетінше білім алуына сенемін.**

* * * * *

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІНДЕ ОЙЫНДАР ЖҮРГІЗУ НЕГІЗІНДЕ БЕЛСЕНДІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

**КУРЕНОВ КЕНЖЕАЛЫ ОРАЗАХУНОВИЧ**

*Шымкент қаласы "Х.Досмұхамедов атындағы N 4 жалпы орта білім беретін мектебі"коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

*Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі*

Бүгінгі таңда егеменді ел болып, өз шаңырағын көтеріп, туын тіккелі бері ана тілін, салт-дәстүрін қайта жаңғыртуда. Жаңарған ел жаңа көзқарастағы ұрпақ тәрбиелеуді талап етуде.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2030-бағдарламасында «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім мен әл - ауқаты барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын біліммен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту» - деп атап көрсетеді. Сондай-ақ дене тәрбиесі мен спорттың маңызын арттыруды, елімізде сауықтыру жұмыстарының әдістерін жетілдіруді ұсынады.

Сондай мүмкіндіктердің – бірі баланы жастайына қазақтың ұлттық қозғалмалы ойындарын ойнауға жаттықтыратын тиімді әдіс тәсілдерді пайдалану мақсатына қарай дене тәрбиесін жан-жақты дамыту көзделген.[3]

**Белсенділік** - белсенділіктің қозғаушы күші - қажеттілік пен құштарлық.

Тіршіліктің негізі - қозғалыс пен іс-әрекет болса, оның не қарқынды, не баяу жүруі қажеттілік пенқұштарлық шегіне байланысты. Белсенділік, элементарлық белсенділік, биологиялық белсенділік, әлеуметтік белсенділік болып жіктеледі.

Белсенділіктің бұл түрлерін өзінің қамтылу аясына қарай әр ғылым өз әдісіне сай зерттейді. Әлеуметтанудағы белсенділік адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін сипаттайтын негізгі белгілердің бірі.

Мұны саяси белсенділік, әлеуметтік белсенділік және психикалық белсенділік деп бөледі: Саяси белсенділік - жеке тұлғаның не әлеуметтік топтың саяси процеске араласу деңгейін білдіретін ұғым. Бұл белсенділік әлеуметтік топтың өзі көздеген мақсаттарына сай саяси жүйеге ықпал етіп, оны өзгертуге ұмтылуынан байқалады. Әлеуметтік белсенділік - белгілі бір тарихи кезенде әлеуметтік топтың, қауымның қоғам алдына қойылған міндетті саналы түрде шешуге бағытталған іс-әрекеттерінің жиынтығы.Әлеуметтік белсенділік қоғам өмірін әртүрлі аясында (саяси-қоғамдық істерде, еңбек, мәдениет және тұрмыс саласында) көрініс береді. Психикалық белсенділік - субъектінің ұстанған бағдарын жүзеге асыру барысындағы іс-әрекетінің жігерлiлiп. Ол жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктеріне, яғни белгілі бір ахуалға сай әсерленуіне, мінез-құлқына, шешім қабылдау қабілетіне байланысты. Психологиядағы белсенділік - адамның сыртқы ортамен 93 қарым-қатынас жасауының сипаты. Бұл орайда белсенділік іс-әрекетпен байланысты бағаланады. Психологияда белсенділікті тұлға белсенділігі, ситуацияға үстем белсенділік , іздену белсенділігі, шектен асқан белсенділік деп бөледі. Тұлға белсенділігі - адамның шығармашылықтағы, іс-әрекеттегі, қоғамдағы, қарым-катынастағы тегеуріңділігі. Бұл адамның әлеуметтік өзгерістергеараласуынан байқататын қасиет. Тұлға белсенділігі оның идеялық принциптіліп мен өз көзқарасынан таймауынан, сөзі мен ісінің бірліпнен көрінетін адамның белсенді өмірлік позициясы ретіңде сипатталады; ситуацияға үстем белсенділік - субъектінің ситуациялық алаптардын деңгейінен биік болу қабілеті. Ситуацияға үстем белсенділік арқылы субъект іс-әрекеттің ішкі және сыртқы кедергілерін (мысалы, енжарлық самарқаулық селқостық, т.б.) жеңеді белсенділік тің бұл түрі шығармашылық жағдайларда, танымдық белсенділікте риясыз бас тігуде және шекген аскан белсенділікте көрінеді; іздену белсенділігі болашағы беймәлім ситуацияны өзгертуге бағытталатын мінез. іздену белсенділігі - міңез-құлықтың көп типтерінің бірі болып табылады Оның психикалық көріністері - жоспарлау, киялдау, т.б.; шектен асқан белсенділік нәтижелі іс-әрекетті сипаттайтын, істің жоғары нәтижелігінің маңызды көрсеткіштерінін бірі [4].

Сондықтан, рухани бай, азаматтық ары таза, ой еңбегіне бой еңбегі сай, сегіз қырлы бір сырлы азаматтарды тәрбиелеу талап етілуде. Білім берудің жаңа технологиясын пайдаланып дене тәрбиесі пәнін жаңа технологиялық әдіспен оқушылардың жас ерекшіліктеріне денсаулықтарына байланысты ұлттық ойындарды спорттық ойын түрлеріне, сабақтын мазмұнына қарай іріктеп алып пайдалануға дене тәрбиесі мұғалімінің мүмкіндіктері бар. Арнайы ұйымдастырылған түрлі ұлттық ойындар балалар мен жасөспірімдерді ұйымшылдыққа, Отан сүйгіштікке, өжеттілікке, батылдыққа, шапшаңдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, табандылыққа, байсалдылыққа, еңбек етуге тәрбиелейді, патриоттық сезімдерін оятады дене қуаты қасиеттерін: күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік және ептілік қасиеттерін жетілдіреді, дамытады. **Ұлттық спорт ойындары** : көкпар, бәйге, теңге алу, қыз қуу, алтын қабақ ату, жамбы ату, аударыспақ, асық ату, арқан тарту, қазақша күрес, тоғызқұмалақ,т.б **Ұлттық ойындар**: «Ақ серек,көк серек», «Айгөлек», «Соқыр теке», «Белбеу тастау», «Мысық пен Тышқан», «Кім түртті», «Ұшты-ұшты», «Қазан доп», «Асық ойыны», «Ине, жіп және түйіншек», «Бестас», «Жасырынбақ», «Әтештер қақтығысы», «Шымбике» т.б. ойындар. Сол кезден қазіргі уақытқа дейін біз білетін «Ақсүйек», «Орда», «Қызыл ту», «Айгөлек» ойындары кең таралып, көп ойналған. Дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындардың ішінде «Ақ серек,көк серек», «Соқыр теке», «Асық ойыны», «Ине, жіп және түйіншек», «Әтештер қақтығысы», «Қызыл ту», «Мысық пен Тышқан»,«Теңге алу», «Тоғызқұмалақ» ойындарын пайдаланамын.Бұл жұмыс барысында 3 сынып оқушыларынан ұлттық ойындарға байланысты сауалнама алдым.

Саулнаманың қорытындысы бойынша, оқушылардың ұлттық спорт пен ұлттық ойындар түрлеріне деген көз-қарастарының жоғары деңгейде екенін көрсетті. Адам өміріндегі ұлттық ойындардың алатын орны мен маңызы - деген сұраққа ұлттық қимылды ойындардың дене тәрбие үрдісіндегі оқушыларға салауатты өмірді қалыптастыруда алатын орны және атқаратын қызметі өрасан зор деген қортынды жасалды.[

Ұлттық ойындарды дене тәрбиесі кеңінен пайдалана отырып оқытудың тиімділігін арттыруға болады. Ол оқушының бойында күш қуатын жетілдіреді, сабаққа деген белсенділігін арттырады, оқу үрдісіне деген қызығушылығын жоғарлатады.

Ұлттық ойындарды мазмұны мен күрделілігіне байланысты және балалардың жас ерекшіліктерін ескере отырып, төменгі, орта және жоғарғы сынып оқушылары ойнайтын ойындар деп бөлуге болады.

Мұндай топтамаға жіктеу Е.Қ.Уанбаевтың «Дене тәрбиесі теориясы әдістемесі » оқу құралына негізделе жүргізілді. Бірақ мен бастауыш сынып оқушылырыына сабақ беруіме байланысты мен 3 сыныптарды 3 топқа бөлдім:1 Негізгі топ 2. Дайындық топ 3. Арнайы дәрігерлік топ.

1. **Негізгі топқа** денсаулықтары мықты, дене қуаты дайындықтары жақсы, әр түрлі спорт түрлерімен тұрақты айналысатын оқушылар тобы жатады. Бұл топтағы оқушыларға барлық ұлттық ойындардың түрлерін қолдануға болады.

2. **Дайындық тобына** денсаулықтары аздап қана нашарлаған және дене қуаты дайындығы төмен оқушыларды жатқыздым. Бұл топқа жататын оқушыларға жүктеме қарқыны мен көлемі аздау беріліп, ұлттық ойындарды ойнатқан кезде топтық және жеке әдіс түрлерін қолдандым.

3.**Арнайы дәрігерлік топқа** денсаулықтары әлсіз оқушылар жатады. Бұл топтағы оқушыларға қарқыны мен жылдамдығы төмен ұлттық ойындар ойнаттым.

**Қажетті ойындарды өтілетін сабақ не жаттығудың алдында тұрған педагогикалық міндеттеріне байланысты таңдап алу қажет. Дене тәрбиесі сабағында және жаттықтыру кезінде қозғалыс ойындарын, оның ішінде ұлттық ойындарын қолдану арнайы үйрену міндеттерін шешуге көмектеседі. Ұлттық және эстафеталық қозғалыс ойындарын ұйымдастыра отырып оқушылардың қызығушылығын арттыру, ұйымшылдыққа, батылдыққа және салауатты өмірге тәрбиелеу. Ұлттық ойындарды спорттық ойын сабақтарында, жеңіл атлетика, гимнастика сабақтарында, жалпы дене қуаты дайындығы және жаттықтыру сабақтарында кеңінен қолдануға болады. Ұлттық ойындардың дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол.**

---

**МУСИНА ГҮЛИПА МАРДАНҚЫЗЫ**
*Ақтөбе қаласы, Мектеп гимназиясы және колледж ҚазМЗУ*
*Азаматтық құқық азаматтық іс жүргізу құқығы арнайы пән оқытушысы*

**Сабақтың тақырыбы: Азаматтық құқық бұзушылық және ол үшін жауапкершілік.**
**Мақсаты:** Азаматтық құқық бұзушылық түсінігі мен түрлерінің мазмұнын ашып түсіндіру. Азаматтық-құқықтық қатынастарға сипаттама бере отырып, азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы түсінік беру.
**Тірек ұғымдар:** азаматтық құқық бұзушылық, азаматтық құқық объектілері, кінә
**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, т.б.
**Сабақтың әдісі:** әңгіме, ойталқы, пікірталас
**Сабақтың түрі:** жаңа білімді меңгеру сабағы
**Сабақтың барысы:** І. Ұйымдастыру бөлімі
ІІ.Үй тапсырмасын тексеру
1.Прокуратураның азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы ролі қандай?
2.Ішкі істер органдарының функцияларына сипаттама беріңдер
3.Қ Р Ұлттық қауіпсіздік органдарына сипаттама беріңдер
ІІІ. Жаңа сабақ
1. Құқық бұзушылық
2. Азаматтық құқық ұғымы
3. Азаматтық-құқықтық қатынастар
4. Азаматтық құқық субъектілері



Күнделікті өмірде адамдар бір-бірімен әрқандай сипатта (мүлікті не мүліксіз түрде де) байланыс жасайды.Мұның жеке азамат үшін маңызы бар. Өйткені. Біреулер материалдық игіліктер(азық-түлік, өндіріс заттары немесе басқа да қажетті заттар мен бұйымдар) өндірсе, басқа біреулер оны тұтынып, материалдық және мәдени-рухани қажеттіліктермен өздерін қамтамасыз етеді. Сөйтіп, өндіруші мен тұтынушының арасында белгілі бір қатынас қалыптасады.

Адамдар арасында мүліктік қатынастан басқа мүліксіз қатынас жасалып, ол да азаматтық заң тәртібімен реттеліп отырады. Мыс: ар-ұждан , қадір-қасиет және іскерлік дәреже құқығы.

Мүліктік, сондай-ақ жеке мүліктік емес азаматтық құқықтық байланыс олардың субъектісі болып аталады. Азаматтық құқықтық байланыстың субъектісі ретінде жеке бір адам, әлде адамдар ұжымы шығады. Жеке адам азаматтық заңда азамат деп аталады.

Ұйымдар да азаматтық құқықтық байланыстың субъектісі бола алады. Оларды заңды тұлға деп атайды.

12 – бап.

*Қ Р азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай – ақ азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып танылады.*

*Азамат туған кезден –ақ құқық қабілеттілігіне ие болады да, қайтыс болғанында тоқтатылады.*

Азаматтың құқық қабілеттілігінің негізгі мағынасы:

Мүлікті иелену, республика аумағында еркін жүріп-тұру, тұратын жерін таңдап алу, заң бойынша тыйым салынбаған кез-келген жұмыспен айналысу, жеке құқыққа ие болу. Әрине, қоғам мүшесі заң талабын орындауы қажет. Заң талабының іс жүзіне асырылып жатқаны қоғам мүшесінің құқық өлшеміне лайық болуы мыналардан көрінеді:

Қоғам мүшелерін әрекетінің сипатына қарай :

Материалдық игілік өндірушілер және материалдық емес салада істеушілер деп екіге бөлуге болады. Құқықтарды пайдалану үшін қабілеттілік қажет. Азамат өзінің іс-әрекетімен азаматтық құқығына ие болып және азаматтық құқығын пайдалана білуін азаматтық қабілеттілік деп атайды. Адам өз алдына біртіндеп іс-әрекет жасауға үйренуі қажет.

Азаматтық құқықтық байланыстың субъектісіне келсек, жеке адам ғана емес, адамдар ұжымы да болуы мүмкін. Азаматтық құқық субъектісі болатын ұйымдар мен кәсіпорындар заңды тұлға деп атасақ, шетелдіктер де құқылы.

Заң кәмелеттік жасқа толмағандар белгілі жасқа жеткенде құқығын кеңейтуді қарастырады. Олардың атынан келісімді ата-анасы немесе асыраған, қамқорлыққа алған адам жасайды. 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдер өздерінің еңбекақыларын, басқа да табыстарын өздері қалауынша жұмсай алады. 14 жастан бастап жасөспірімнің ішінара әрекет қабілеттілігі пайда болады. 18 жасқа толғаннан бастап әрекет қабілеттілігі толық түрде көрінеді.

Сондай-ақ азаматтық құқықтың объектілері болады. Олар материалдық және рухани игіліктерге жіктеледі. Материалдық игіліктерге адамның өмірлік қызметінде пайдаланатын мүліктік және табиғи құндылықтар – үй, киім, көлік, еңбек құралдары т. б. жатады.

Мүліктік емес құндылықтарға адамның өмірі, денсаулығы, жеке адамның қадірі, ары, атағы, абыройы, іскерлігі, жеке және отбасы құпиясы, өз есіміне құқығы және басқалар жатады.




Материалдық объектілер адамдар арасындағы азаматтық – құқықтық қатынастардың қайнары болып табылады. Азаматтар құқықтық қатынастар кезінде келісім жасайды. Келісім – адамдардың азаматтық құқық пен міндетті орнатуға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған іс – әрекеті.

Азаматтың мүліктік құқығы түрлі жолдармен қорғалады. Басқа біреу мүлікті иемденіп алса, меншік иесінің оны қайтаруды талап етуге құқығы бар.
Азаматтық – құқықтық іс қозғау үшін мынадай шарттар болуы қажет:
Сонымен, азаматтық құқық адамдар арасындағы мүліктік қатынастармен бірге, мүліктік емес қатынастарды да азаматтық заң тәртібімен реттеп отырады.
IV. Жаңа сабақты бекіту
1.Құқық бұзушылық дегеніміз не?
2. Азаматтық құқық дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Азаматтық құқықтың объектілеріне нелер жатады?
4. Азаматтық құқықтың субъектілеріне сипаттама беріңдер
5. Азаматтық – құқықтық қатынастар жөнінде айтып беріңдер

Заң терминдерімен жұмыс (мәнін ашу,түсінік беру)
1.Азаматтық құқық
2.Азаматтың құқық қабілеттілігі
3.Азаматтың әрекет қабілеттілігі
4.Азаматтық құқықтың субъектілері
5.Кінә

V. Бағалау.
VI. Үйге тапсырма беру: Азаматтық құқық бұзушылық және ол үшін жауапкершілік, ҚР Азаматтық Кодексінің баптарын оқу.

* * * * *

**СЕГИЗБАЕВА МИРАШ МЫҢБАСЫҚЫЗЫ**
*Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Төрткул елді мекені*
*«Самал» бөбекжай балабақшасы» МКҚК. Тәрбиеші*

**Білім саласы:** Қатынас
**Білім бөлімі:** Көркем әдебиет
**Тақырыбы:**«Адасқан құмырсқа»
***Мақсаты:*** Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.
Тіл байлықтарын жетілдіру, сөйлеу барысында сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге жаттықтыру.
Ертегіні сахналауға деген қызығушылықтарын ояту. Қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.
**Көрнекілік:** Гулдер, құмырсқаның илеуі , қанатты жәндіктер және слайд.

| ***Қызмет кезеңі*** | ***Тәрбиешінің қызметі*** | ***Балалар қызметі*** |
|---|---|---|
| ***Қызмет түрі*** | ***Шаттық шеңбері:***<br>Шуақ шаша атты таңда<br>Мөлдір таза ауада,<br>Сәлем бердік саған елім!<br>Тал бесігім туған жерім!<br>Сәлем бердік бәріңізге<br>Қайырыл таң күнімізге | Өлең шумағына қимылдар жасайды. |
| ***Ұйымдастырушы-Ізденушілігі*** | Ауа-райына бақылау жасау<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күзде даламыз қандай түске боялады?<br>-Күз айларын атаңдаршы<br>-Күз мезгілінің қандай ерекшелігін білесіңдер?<br>Ия балалар, күз мезгілінің ерекшелігі барлық көкөністер мен жемістер, дәнді-дақылдарымыз | Күз мезгілі<br>Сары<br><br>Қыркүйек, қазан, қараша<br>Балалар жауап беруде<br><br>Аяла.<br>Жемісін мол теретін<br>Күз дос екен бізбенен<br>Бәрін тауып беретін |

| | | |
|---|---|---|
| | пісіп оны қоймаға жинаймыз.<br>Құстарымыз жылы жаққа ұшып кетеді. Ал кейбір жәндіктеріміз дәндерді жинап қысқа дайындық жасайды екен.<br>Күз мезгіліне арнап тақпақтар айтылады.<br><br>*Жұмбақ:*<br>Екі басы жұдырықтай<br>Ортасы қылдырықтай<br><br>Міне балалар, жәндіктердің ең кішісі құмырсқамен танысамыз. Құмырсқа жер шарында кеңінен таралған жәндік. Құмырсқаның он мыңдай түрі бар. Олардың көпшілігі жылы аймақтарда кездеседі. Құмырсқалар көбіне топтанып жүреді. Олардың физикалық қуаты орасан болғаны соншалықты өздерінен он есе үлкен затты еш қиналмай тасиды екен; және де құмырсқалар жүрген іздерінде қышқылынан тамшы қалдырады. Сол иіс бойынша адаспай табады. Олар еңбекқор және де бәрі бірігіп тіршілік етеді. Құмырсқаның бізге берер пайдасы балалар,олардан құмырсқа тұнбасын жасауға болады екен.Бұл тұнба суыққа, тұмау тигенде терлеу үшін пайдаланады екенбіз.<br>Ойын: «Өз мекеніңді тап» дидактикалық ойыны.<br><br><br>Ертегі: «Адасқан құмырсқа» ертегісін оқу. | Жомарт екен күз деген.<br><br><br>Айзере.<br>Алқаптан бидайды<br>Қоймаға ел жинайды<br>Тырнасы тізілген<br>Ұнатамын күзді мен<br>Даяна.<br>Қуандырып біздерді<br>Мерекелі күз келді<br>Ал жемісті алтын күз<br>Кемелденсін халқымыз.<br><br>Балалар жауабы-құмырсқа<br><br><br>Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды.<br><br>Балалар сергіту сәтін қызығушылықпен жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>***Сергіту сәті:***<br>***Aram Zam Zam әнінің ырғағына ілесіп, қимыл қозғалыстар жасау***<br><br>**Ертегіні сахналау**<br> | <br> |
| ***Жетекші-жөндеуші*** | Ертегі қалай аталады? Құмырсқаға ара мен қоңыз көмек берді ма?<br>Құмырсқа қандай жәндік?<br>Көрдіңдер ма балалар, құмырсқаның илеуіндегі достары бір-біріне көмек көрсетіп, осындай ауыр сәтте қиындықты бірге жеңіп шықты. Ендеше балалар сендер де, бір-бірлеріңе мейірімді, қайырымды болып жүріңдер.<br>Балалар кәне, кім дос туралы мақал-мәтел біледі екен?<br><br>Балаларды алған біліміне қарай мақтап-мадақтап, оқу қызметін қорытындылау. | «Адасқан құмырсқа»<br>Жоқ<br>Еңбекқор жәндік<br><br>***Нұрай:***<br>Әрқашан тілектес, Досыңа көмектес.<br><br><br>***Нұрасыл:***<br>Дос досқа зиянкер емес,<br>Зиянкер болса ол дос емес |
| **Күтілетін нәтиже:** | ***Не білді:*** Ертегі мазмұнын.<br>***Не меңгерді***: Ертегіні сахналауды. | |

**СКЕНДИРОВА МАКПАЛ КЫДЫРКЫЗЫ**
*Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Төрткул елді мекені*
*«Самал» бөбекжай балабақшасы» МКҚК. Тәрбиеші*

**Білім саласы:** Қатынас
**Білім бөлімі:**Сөйлеуді дамыту
**Тақырыбы: «Жыл мезгілі»**
**Мақсаты:** Табиғат құбылыстары туралы түсінігін кеңейту.Балаларға жыл мезгілдерін ажырата білуді түсіндіру.Балаларға жыл мезгілдерін бейнелеу арқылы саусақ маторикасын арқылы үйрету. Көркем сөйлеу тілін дамыту; қол қимылдарын арттыру; табиғатты сүюге, еңбекке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
**Шаттық шеңбер:**



Орнымыздан тұрайық.
Шеңберімізді құрайық,
Қолымыздан ұстасып.
Ақ тілекті жолдайық.
Қайырлы таң достарым,
Қайырлы таң достарым.

Жарайсыңдар балалар!
Бүгінгі күнімізді мейіріммен қуанышпен бастайық.
Бүгінгі ауа-райын бақылау *(Күз)*
Күз айында неше ай бар *(үш ай)Қыркүйек, қазан,қараша*
Балаларға күз айы туралы тақпақ айтқызу.

**Бақнұр:**
Келді міне күз
Айнала сары түс
Керемет, тамаша
Қандай әсем күз

**Мөлдір**
Көктемде егін егетін
Күзде жинап беретін
Біздің дала байдала
Алтын астық айнала

**Жалғас**
Айнала жым жырт
Көк аспан сырғылт
Жер жытқан тыңда
Трактор қырда

**Азиз**
Жапырақ ұшты
Суықта түсті
Сонда да бізде
Қызық көп күзде

**Елсұлтан**
Жеміс жидек пісті
Қамбаға астық түсті
Қызу жұмыс басталып
Жиналып алды жан салып

**Кәусар**
Күз келді алақай
Алтын келді далаға
Дәні бітік бидайды
Құйып жатыр қамбаға

**Айару:**
Нұрға бөлеп өмірді
Жырға бөлеп көңілді
Жарқырған сәулелі
Күз әуені төгілді

-Жарайсыңдар балалар, керемет айтып шықтыңдар.
-Ал енді балалар ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастайық.
- Жыл мезгілдермен танысайық!
Көктем, жаз, күз, қыс
Балалар енді көктем мезгілінде ағаштарымыз бүршік атып гүлдейді.
Жаз мезгілінде талдарымыз алма салады, күніміз жарқырап тұрады. Күз мезгілінде жапырақтарымыз сарғайып, қызылға боялып, жерге түседі.Қыс мезгілінде даламыз әппақ болып, қар жауады.
Балалар төрт топ бөлініп, көктем, жаз, күз, қыс болып отырайық.Ал енді жыл мезгілдерін бейнелеп шығайық.

Көктем мезгілі қызғалдақ гүлдерді салдыру. Жаз мезгілінде балалар сұлулықпен гүлдер жасау.
Күз мезгілін талды маржан інжумен бейнелеу.



Қыс мезгілін ақ сұлулықпен қар жасау.



Жарайсыңдар балалар, төрт жыл мезгілін бейнелеп шықтық.
**Сергіту сәті:**
Орнымыздан тұрайық
Алақанды соғайық
Бір отырып, бір тұрып
Бір домалап алайық.



**Мақал –мәтел:**
**Көктем мұрат** **Омар**
**Күз диқан**
****************
**Жаз берекен** **Нұрислам**
**Күз алаған**
*****************
**Күз дәнмен көрікті** **Ерсерік**
*****************
**Ақ қар көп болса** **Сезім**
**Ақ нан көп**
Жарайсыңдар балалар, керемет айтып шықтыңдар.
**Қимылды ойын:**
Шарты: Қол шатыр кімге тиеді.
Күз бен қыс ойнайды
Шарты: Гүл кімге тиеді. Көктеммен жаз
Балалардың көңіл серігіп ойнап шығады.
Сұрақ –жауап арқылы қорытындылау. Балаларды мақтау.



**БИСЕНОВА ЖАНАР ИСЛЯМГАЛИЕВНА**
*БҚО, Орал қаласы № 47 ЖОББМ шағын орталық тәрбиешісі*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**

**Білім беру саласы**: Таным
**Бөлімі:** Жаратылыстану **Тақырыбы**: «Аквариумдағы балықтар» **Мақсаты:** аквариум балықтары, өсімдіктері туралы түсінік беру.Балалардың ойлау, қабылдау, елестете білу қабілетін дамыту. Тілін және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.
**Көрнекіліктері**: Балық түрлері, магнитті қармақ, резина балон, аквариумдағы тірі балықтар, көк түсті фон, қайшы, желім, компьютер слайдтары.
**Сөздік жұмыс**: Желбезек, жүзбе қанаттары, қабыршақ, алтын балық.
**Сөздік қор**: Шортан, сазан, ақ балық, алабұға, табан балық, аквариум, гурами, моллинезии.
**Пайдаланылған ақпараттық құралдар**: Компьютер, ғаламтор.
**Барысы:**
**Шаттық шеңбері:**
Қуан, шаттан балақай
Жарқырайды аспанда
Күн алақай!
Атқан таңға, шыққан күнге
Сәлем беріп,
Тілейік бақыт, баршаңызға осындай.
Қайырлы таң апайлар!
Біз- ерекше боламыз,
Біз еңбекқор боламыз!
- Жарайсыңдар, балалар, орындарыңа отыра қойыңдар. Балалар, қазір біз «Кім епті?» деген ойын ойнайық. Ойнағыларың келе ме?
- Иә.(Ойын шарты түсіндіріледі)
- Балалар, менің қолымдағы не деп ойлайсыңдар?
- Бұл - қармақ.
- Қармақпен не істеуге болады?
- Балық аулауға болады.
- Жарайсыңдар! Балалар, бұл- жәй қармақ емес, сиқырлы қармақ. Осы қармақпен балық аулап көреміз бе?
- Қане Заңғар келе ғой. Балалар, қараңдаршы Заңғардың қармағына бір балық түсіпті, ол қандай балық болды екен?
Балалар, бұл- шортан балық. Қандай балық екен?
- Шортан.
(Магнитті қармақпен балалар біртіндеп балықтарды аулайды. Аулаған балықтардың аттарын қайталап айтқызу)
- Табан балық, сазан, ақ балық, алабұға, шортан.
- Жарайсыңдар, балалар, енді аулаған балықтарыңа назар аударайықшы, сендер балықтардың аттарын білдіңдер. Балалар, балықтар қайда тіршілік етеді? - Суда.
- Дұрыс айтасыңдар. Негізінде балықтардың түрлері көп. Бұл балықтар өзіміздің Жайық өзенінінде кездесетін, көріп жүрген балықтар. Балалар, балықтардың дене бітімі қандай пішінге ұқсас екен?
- Сопақша.
- Балықтардың мынау несі? - Басы.
- Басында желбезегі болады. (Көрсету, қайталау)
Несі болады екен? - Желбезегі.
- Олар осы желбезегі арқылы дем алады. Ал денесінде нелері бар екен? - Қабыршақтары.
- Дұрыс айтасыңдар. Ал денесіне жалғасқан мынау не екен? - Құйрығы.
- Денесінің арқасындағы, бауырындағы жүзбе қанаттары. (Қайталау)
Осы жүзбе қанаттары арқылы суда еркін жүзе алады. Балалар балықтарды адамдар не үшін

пайдаланады? (Толықтыру) - Тағам ретінде.
- Балалар, тағам ретінде пайдаланбайтын, әсемдікке үйде асырайтын балықтардың түрлері де болады екен. Сондай балықтарды көргілерің келе ме? - Көргіміз келеді.
- Ендеше сондай тірі балықтарды көз алдымызға елестетіп көрейікші.
(Балар көздерін жұмады,сол кезде буклеттің артында жасырылған аквариумды ашу)
Балалар, көзімізді ашып қарайықшы, суда жүзіп жүрген нелерді көріп тұрмыз? - Балықтарды.
- Балықтар қандай ыдыстың ішінде жүзіп жүр екен? - Шыны ыдыста.
- Бұл шыны ыдыс «Аквариум» деп аталады.
- Аквариумдағы балықтар бағана өзіміз аулаған балықтарға ұқсайды ма? - Ұқсайды.
- Балалар, аквариумдағы балықтардың түрлері қандай екен? - Әр түрлі.
- Мына үлкен балықтың түсі қандай? - Қызыл.
- Бұл балық «Алтын балық» деп аталады. Тағы қандай балықты көріп тұрмыз? - Ақ балық.
- Дұрыс айтасыңдар. (Ақ үстінде қара жолақтары бар)
Бұл «Гурами» деген балық.
- Гурами(қайталау).
- Гурами нешеу екен? - Екеу.
- Ең кішкентай балықтың түсі қандай екен? - Қара.
- Нешеу екен? - Екеу.
- Бұл моллинезии деп аталатын балық. - Моллинезии(қайталау)
- Аквариумда басқа тағы нелерді көріп тұрмыз? - Тастар, шөптер, бақалшақтар, бұтақтар.
- Дұрыс айтасыңдар.
- Балалар, бұлардың барлығы не үшін қажет? - Әдемілікке.
- Сонымен қатар балықтарға да қажеті бар. Олар бұтақтардың, шөптердің арасына кіріп тығылады, жем іздейді. Аквариум техникалық құралдармен де жабдықталған. Онда суды арнайы жылытатын,ауа жіберетін, жарық түсіретін құралдар бар.
Аквариумдағы балықтар үнемі адамдардың қамқорлығында болады.
Балалар, қалай ойлайсыңдар балықтардың қарны ашпас үшін оларға не керек? Тамақ керек.
- Дұрыс айтасыңдар, әрине тамақ керек. Оларға арнайы дүкендерде сатылатын мынадай қалтадағы жемдерді береміз. Балалар, балықтар тағы не жейді деп ойлайсыңдар? - Құрттар, жасыл шөптер.
- Жарайсыңдар! Балалар, аквариумдағы балықтар күніне таңертең кешке екі шымшымнан ғана ас жей алады, одан артық беруге болмайды. (Балалармен бірге балықты тамақтандыру)
- Балалар, ертегілерде алтын балық адамдардың тілегін орындайды екен. Мүмкін біздің де тілегімізді орындап қалар. Біз де алтын балыққа тілегімізді айтып көрсек қалай қарайсыңдар?
- Әрине қалаймыз.
- Ендеше барлығымыз бір - бірден өз тілегімізді айтып көрейікші.
(Балалар бір - бірден өз тілектерін айтады)
- Жарайсыңдар, балалар. Ендеше орындарымыздан тұрып, осы жақсы тілектерімізді ішкі лебімізбен алтын балыққа үрлеп жіберейікші. - Уф, Уф, Уф.(сергіту сәті)
- Жәрайсыңдар, тамаша! Балалар, аквариумдағы балықтар сендерге ұнады ма?
- Ұнады.
- Ендеше бүгінгі жапсыру оқу іс - әрекетін пайдалана отырып, ақ қағаздан балықты қиып жабыстырайықшы. Ол үшін: алдымыздағы үлкен - кіші төртбұрыштан балықтың денесін, жүзбе қанаттарын, үшбұрыштан құйрығын қиып аламыз да, алдымыздағы түрлі - түсті жылтырлы желім қарындаштармен желбезегін, қабыршақтарын саламыз, сонда бізге түрлі - түсті жылтыр балықтар пайда болады.(көрсетіп түсіндіру)
(Балалардың жұмыстарын талдау, бағалау)
- Жарайсыңдар, балалар, әр- түрлі әдемі балықтар жасап шығардыңдар.
**Білімдерін бекіту:**
«Балықтардың қандай дене мүшелері жоқ?» деген компьютерде слайдтар көрсету. Балалар, балықтардың дене мүшелерін атайды.

Мысалы:
1) Балықтың басында дем алатын несі болады?

2) Балықтың несі жоқ?
3) Балықтың денесінде нелері бар еді?
4) Балықтың денесіне жалғасқан қандай мүшесі жоқ?
**Қорытындылау:**
- Балалар, бізге қандай оқу қызметіне болды?
- Онда біз нелермен таныстық?
- Қандай балықтарды көрдіңдер?
- Жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі оқу қызметіне барлықтарың да жақсы қатыстыңдар.
Сендерге көп- көп рахмет!

* * * * *

## «АҒЫЛШЫН ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**ЖУНУСОВА СЫМБАТ ҚАЙРОЛЛАҚЫЗЫ**
*№ 104 мектеп-гиназиясының*
*ағылшын тілі пәнінің мұғалімі*

Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағдарланған білім мен ғылымды дамыту жөніндегі жүйелі шаралар кешенін іске асыру жалғасуда. 2015 жылы Республика Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттарына, оның ішінде 4-мақсатқа қол жеткізу бойынша өзіне міндеттемелер қабылдады. Бұл мақсат жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз етуді және барлық адамдар үшін өмір бойы оқу мүмкіндігін құптауды көздейді.

Қазақстан Республикасындағы білім беру мазмұнын жаңартудың басты мақсаты - білім беру бағдарламасын жаңарту, педагогикалық қызметтің ең жоғары деңгейі ретінде критериалды бағалау жүйесін енгізу және жаһандық ақпараттық әлемде білім алушыларды тәрбиелеуді, оқытуды, жан-жақты дамытуды үнемі жетілдіру болып табылады.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының келесі мазмұндық ерекшеліктері бар:

- тақырыптың мазмұнын жобалаудағы күрделілік принципі, яғни білім мен дағдыларды тігінен де, көлденеңінен де біртіндеп құру (тақырыптар мен сыныптар бойынша дағдылардың күрделенуі);
- таным заңдылықтарына негізделген және пәндік операциялардың ең маңызды түрлері бойынша жіктелетін Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;
- білім беру деңгейлері бойынша және бүкіл оқу курсы бойында педагогикалық мақсат қою, бұл пән ішіндегі байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;
- пәнаралық байланыстарды іске асыру кезінде және бір білім беру саласындағы пәндер арасында «ортақ тақырыптардың» болуы;
- бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт сұраныстарына сәйкестігі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару;
- ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар нысанында оқу процесін технологияландыру.

Ал ағылшын тілін оқытудың негізгі мақсаты - білім алушылар ағылшын тілін мәдениет диалогында қарым-қатынас құралы ретінде қолдануы болып табылады. Яғни, білім алушыларды ағылшын немесе басқа да шет тілінде мәдениетаралық қарым-қатынас жасауға даярлауды, шетел тілін адами білімнің қызықтыратын салаларында өз бетімен білім алу құралы ретінде, басқа халықтардың мәдениетіне ену құралы ретінде пайдалануды көздейді.

Оқу бағдарламасының айрықша ерекшелігі оның тек пән бойынша білімді ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталғандығы. «Ағылшын тілі» оқу пәнін оқытудың міндеттері мен оқу мақсаттарының жүйесі білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы білім алу сияқты негізгі құндылықтарды қалыптастыруға негізделген.

«Ағылшын тілі» пәні бойынша жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу бағдарламасының оқу мақсаттары педагогке сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, айтылым,

оқылым, жазылым) дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, білім алушыларды келесі қадам жасауға бағыттауға, оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Ағылшын немесе кез келген шет тілін үйренудің басым мақсаттары:

- мектеп түлектерінің еңбек қызметінің түрлі салаларына кіруіне бағытталған коммуникативтік тұжырымдаманы қалыптастыру;
- өмірдің барлық жағдайларында қажетті дағдылар мен қабілеттерді игеру;
- білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін, олардың танымдық қызығушылықтарын жан-жақты дамыту;
- білім алушылардың адамдарға және жалпы қоғамға оң көзқарасын тәрбиелеу;
- мектеп қабырғасында алған білімі мен іскерліктерін күнделікті өмірде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Жаңартылған білім беру мазмұны оқу бағдарламасының ағылшын тілі сабағы жалпыдидактикалық талаптарға жауап беру керек, яғни оқыту мен дамудың біртұтастығын ескере отырып құрылуы, оқу материалы мазмұнының сипаты және оны игеру тәсілдері бойынша ғылыми болуы, жас психологиясының эксперименттік деректеріне негізделуі тиіс.

Бұл талаптар, олардың жалпы сипатына қарамастан, зерттелген пәндердің әрқайсысында өзіндік ұйғарымы бар. Тілдік материалдың ерекшеліктерін ескеру, ақпарат көздерін дұрыс таңдау және сабақтың әр кезеңі үшін оқыту әдістері, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру сияқты талаптар одан да үлкен ерекшелікке ие. Ағылшын тілі сабағын оқу жұмысының аяқталған бөлігі ретінде анықтауға болады, оның барысында мұғалімдер қолданатын оқыту құралдары мен әдістері негізінде жеке және топтық сипаттағы алдын ала жоспарланған жаттығуларды орындау арқылы белгілі бір практикалық, жалпы білім беру және білім беру мақсаттарына қол жеткізуге болады.

* * * * *

## БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**СОВЕТ КАМШАТ НҰРҒАЗЫҚЫЗЫ**
*№ 32 ЖББМ КММ. Бастауыш сынып мұғалімі*

Білім беру ұйымдарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын кешенді түрде жүргізу үшін әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсатында төмендегі басым бағыттарды тұжырымдауға болады:

1. Оқушылардың жеке дара қабілеттерін дамытудың тетігін айқындау және түзетуші іс-әрекеттер жүргізу;
2. Оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерінің бірлігі;
3. Оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеттілігі;
4. Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі және әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі;
5. Оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуі.

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізудегі маңызды ұстанымдар:

Қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы білім мазмұнындағы басшылыққа алынатын барлық ұстанымдардың негізіне салынады. Себебі тілді меңгертуде мүмкіндік беретін жүйе тілді оқушының сөйлеу, тіл мәдениетімен бірлікте қарастыру болып табылады.

Шығармашылық ұстаным сабақты шығармашылық үдеріс ретінде құруды мақсат етеді. Оқу үдерісінде жұптық, топтық жұмыс түрлеріне біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға үлкен мән беріледі. Оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білім, дағды, біліктерін жаңа жағдаятта қолдана алуына қажетті дағдылары дамытылады. Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуге ден қойылды.

Әрекеттік ұстанымы. Сөйлесімдік қарым-қатынас, өз кезегінде қарым-қатынас жасаушы адамдардың «әлеуметтік әрекеттесуі» жағдайында адамдардың өз міндеттерін шығармашылық

әрекетпен шешуіне қызмет етіп, «сөйлесім әрекеті» арқылы іске асырылады. Олар фукционалдық сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзіреттерінің қалыптасуы ұстанымы. Оқушылардың коммуникативті құзіреттерін қалыптастыру бірнеше құзіреттермен сабақтастыра жүзеге асырылады. Когнитивтік құзірет коммуникативтік-танымдық әрекетке дайын болуды білдіреді. Ақпараттық құзірет қарым-қатынастың мазмұндық пәнін меңгеруді білдіреді. Коммуникативтік құзірет оның іске асуын қамтамасыз ететін сөйлесім әрекетінің барлық түрлерінде-тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесімде қалыптасып, функционалдық сауаттылықтың дамуына ықпал етеді.

Интерактивті оқыту ұстанымы. Интерактивті оқыту ұстанымы оқыту үдерісінде барлық оқушылардың тұрақты, белсенді, өзара қарым-қатынас арқылы әрекет етуін жүзеге асырады. Себебі интерактивті оқыту ұстанымының мақсаты - оқушылардың өздігінен жауап іздеуге бейімделуі. Жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойын тапсырмалары, сұхбаттық тапсырмалар құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағыттайды. Мәселен, Блум таксономиясындағы 6 деңгейдегі «Бағалаудың» мақсаты алдыңғы деңгейлерде өзі үшін ашылған жаңа білімдерді бұрын алған білімнің негізінде алгоритмдік талдау арқылы нақты жағдайда қорытындылар жасауға үйренуі, яғни тақырып негізінде құрылған белгілі бір жағдаятта тұлғаның өзін (қоя алуы) көре алуы.

Жоғарыда келтірілген функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың арнайы ұстанымдарына негізделген тапсырмалар оқыту жүйесінде оқу әрекетінің субъектісі - оқушының даралық сипатын, қызығушылығын, шынайы өмірлік қажеттілігін, мүмкіндігін, бейімділігін, әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз етеді.

* * * * *

**КОЖАБЕРГЕНОВ ДАВЛЕТ ТУРМАХАМАТОВИЧ**

*Шымкент қаласы № 103 жалпы білім беретін орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі*

| Дене шынықтыру<br>Сынып: 2 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
|---|---|---|
| Сабақ тақырыбы | Қазақ ұлттық ойындарымен танысу. «Арқан тартыс» ойыны. | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 2.2.2.1 Бірлескен жұмыста көшбасшылық қасиеттерді түсіну және ажырату. | |
| Сабақ мақсаттары | Осы ойындардың туындау тарихын түсіндіру, қазақ ұлттық ойындарында бірлескенқимыл-қозғалыстар арқылыкөшбасшылық қасиеттерді таныту. | |
| Бағалау критерийі | Бірлескен жұмыста көшбасшылық қасиеттерді қазақ ұлттық ойындары арқылы тәрбиелеу, көшбасшылық қасиеттерді түсіну және ажырату,<br>ойын шарттарына аса көп көңіл бөлу, күш, икемділік қозғалыстағы үйлесімділік дағдыларын орындау. | |
| Тілдік мақсаттар | Оқушыларды зерттеу диалогымен қамтамасыз ету оқушыларда біраз жауапкершілік бар жағдайларда нұсқау беру үшін тілді қолдану, мысалы: көшбасшылық тапсырмалары. | |
| Құндылықтарды дарыту | Тарихқа, қазақ ұлтының дәстүріне құрметті тәрбиелеу.Өзгелер көзқарасына құрмет және өзгелерге міндеті тарапынан жауапкершілік сезімі. | |
| Пәнаралық байланыстар | Қазақстан тарихы, қазақ тілі, өзін-өзі тану,жас өспірімдер физиологиясы. | |
| АКТ қолдану дағдылары | Фото және бейне материалдарды оқушыларға қозғалыс өнімділіктерін өлшеу және нығайту үшін өзін-өзі бағалау, бағалау техникалары үшін қолдану; | |
| Бастапқы білім | Оқушыларда 1 сыныптағы алдыңғы дене шынықтыру сабақтары мен сабақтан тыс кезде алынған ұлттық қазақстандық ойындар | |

| | |
|---|---|
| | туралы бастапқы білімі болады деп күтіледі. |
| Жоспарлардағы әрекеттер. | Б = бүкілсыныптық жұмыс. Жж = жұптық жұмыс.<br>Тәж = оқушы тәжірибесі. Ф = формативті бағалаудың мүмкіндіктері.<br>Т = топтық жұмыс. Ж = жеке жұмыс. К = оқытушы көрсетеді. |

| Сабақ барысы. | | |
|---|---|---|
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы | Уақытты жоспарлау:<br>Дайындық бөлім: 8-10 мин.<br>Спорттық киімдеріне назар аудару. Сәлемдесу. Жаңа сабақ түсіндіру, өтілу барысымен таныстыру.<br>Қатардағы жаттығулар.<br>Жүрістегі жаттығулар.Жаттығуларды біркелкі, дұрыс орындау. Арақашықтықты сақтау.Қозғалыстағы жаттығулар тізбегі. Қолға, аяқа арналған бой жазу жаттығулары.<br>Екі қатарға тұру.<br>Жалпы дамыту, жетілдіру жаттығулары.Созылуға, иілуге арналған жаттығуларды орындау.Бұлшық еттердің қозғалыстарына арналған жаттығулар кешені. Буындарды негізгі тапсырмаларды орындауға дайындау. | Әрбір әрекет түріне арналған үлкен, бос кеңістік. Мұғалімге арналған ысқырғыш. |
| Сабақтың ортасы | Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жогарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.<br>Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»… деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады. Күн ілгері сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі топ тартысқа түседі. Ойыншылардың мақсаты — тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, бірлескен іс-әрекетке тәрбиелейді.<br>(К)«Арқан тартыс» – «Арқанды тартысу». Қатысушылар арқанның ұшын ұстап тұрып, қарсыластарын өз жағына тартып алуға тырысады. | Әрбір әрекет түріне арналған үлкен, бос кеңістік. Мұғалімге арналған ысқырғыш, әр түрлі ұзындықтағы арқандар, шарттарын белгілейтін кеглилер. |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы | Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізіледі:<br>Теориялық және практикалық жаттығуларда мұғалім ұлттық ойындарды ойнаған кезде, әдеттегі қателерге назар аударады анықтамалар береді. Оқушылар таңдаған белгілі ойындарға балалардың қызығушылықтарын қолдап және дамытып, дағдыларын бақылау. | |
| Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
| Берілген тапсырмаларды, жүйелі жаттығулар жинағының реттілігін көрсетеді. Жаттығуларды барынша біркелкі орындау, ұлттық ойындарды жалпылау.Қабілеті жоғары оқушылар ойындардағы қозғалыс әрекеттерін қайталап, сынып алдында орындалуын өз бетінше көрсету. | Оқушылардың өз бетінше тапсырмамен белсенді жұмыс істеуі, өз бетінше қателерін түзеу. Ойындар барысында бейресми қалыптастырушы бағалаулар. | Тапсырмаларды орындау кезінде спорттық құралдардың дұрыс орналасуына көңіл бөлу.<br>Дене қуатын үнемдеу шарттары.<br>Дұрыс тыныс алу.<br>Сабақ барысында техника қауіпсіздік ережелерін сақтау. |

## ОБОБЩЕНИЕ ОПЫТА РАБОТЫ

**РУСЛАНОВА АРУЖАН РУСЛАНОВНА**
*Учитель русского языка и литературы общеобразовательной средней школы № 66 имени Шакарим Кудайбердиулы*

Педагогический опыт «Использование современных образовательных технологий (технологий личностно-ориентированного образования) на уроках русского языка и литературы и во внеурочной работе как средство формирования познавательной и коммуникативной компетенций» реализуется мною в образовательных условиях.

Мониторинг уровня общеучебных умений и навыков, анализ результатов контрольных работ результатов экзаменов по русскому языку и литературе в школе показал, что уровень знаний учащихся недостаточно высокий, речевые умения развиты слабо, единицами достигается оптимальная степень применения знаний.

Однако модернизация современного образования ставит задачу перед учителем: содействовать расширению ключевых компетенций школьников и, как следствие этой деятельности, создавать условия для формирования ключевых компетентностей.

Таким образом, возникло противоречие между задачами современного образования, направленного на компетентностно-деятельностный подход в обучении, и снижением уровня качества знаний и умений школьников. Из всех ключевых компетенций я выбрала формирование познавательной и коммуникативной, так как считаю их сформированность у выпускника школы мерилом образованной, духовно развитой, нравственно зрелой личности.

Ведущая педагогическая идея опыта заключается в разработке комплекса педагогических условий, обеспечивающего эффективное развитие познавательной компетенции школьников и совокупности коммуникативных умений, овладение которыми способствует развитию и формированию личности, способной к продуктивному общению и успешной самореализации.

Новизна опыта состоит в синтезе педагогических технологий и техник, призванных обеспечить формирование ключевых компетенций учащихся, а именно познавательной и коммуникативной.

Я убеждена, что только системное использование современных технологий и методов обучения сможет дать стабильный высокий результат, будет способствовать всестороннему развитию

эрудированной, духовно богатой личности. Поэтому я применяю следующие образовательные технологии и формы работы:

¬ в 5-6 классах игровые технологии и работу в группах, создаю на уроках ситуацию соревновательности, успешности каждого ученика;

¬ в 7-8 классах технологии проблемного и игрового обучения, индивидуальную,парную, групповую работу, применяю методы самоконтроля, ввожу элементы проектной деятельности (составление схем, рисунков, графиков, лингвистических сказок, ассоциативных портретов литературных героев);

¬ в 9-11 классах уроки строю на основе проблемного обучения, широко применяю проектную деятельность, индивидуальную, групповую и парную работу, использую исследовательский метод, метод решения эвристических задач.

Представленный мною опыт включает в себя уроки русского языка, литературы, внеурочные учебные занятия, а также индивидуальную работу с учащимися по подготовке к олимпиадам и конкурсам разного уровня.

Я считаю познавательную и коммуникативную компетентности необходимыми для современного человека: на сегодняшний день это насущная потребность в непрерывном образовании и умение адаптироваться, успешно существовать в социуме.

Поэтому **целью моей работы** стало формирование коммуникативной и познавательной компетенций на уроках русского языка и литературы и во внеклассных мероприятиях.

В связи с этим определяются задачи моей педагогической деятельности:

- Обеспечить качество усвоения знаний по предмету.
- Содействовать формированию коммуникативной и познавательной компетенций.
- Развивать общеучебные умения и навыки.
- Организовать деятельность учащихся, направленную на самореализацию их личности, развитие познавательного интереса.

Таким образом, в урочной и внеурочной деятельности я использую современные образовательные технологии и их элементы:

¬ технология педагогических мастерских;

¬ игровые технологии;

¬ обучение как исследование;

¬ метод проектов.

Объединение технологий и техник в интегрированной образовательной модели дает целостность, неразрывность глубоких знаний за все время обучения предмету, формируя базовые компетентности, коммуникативную и познавательную.

Так, к примеру, *технология педагогических мастерских* незаменима на уроках русского языка в 5-7 классах. В мастерской создаются условия для самостоятельного выдвижения учащимися идеи, ученики сами добывают и осмысливают знания по предмету. Работа в группах, решение кроссвордов, эстафеты по рядам способствуют более прочному усвоению знаний, развитию коммуникативных навыков, воспитывают интерес к предмету.

*Технологию проблемного обучения* я стараюсь использовать на уроках русского языка и литературы во всех классах. Постановка проблемы важна, на мой взгляд, в материале любого урока. Например, тема в 5 классе: «Лирика М.Ю.Лермонтова». Проблемный вопрос: «Парус» как программное произведение поэта, отражение его чувств и переживаний. Ученики анализируют стихотворение, находят средства выразительности, доказывают, что парус - живое существо, он борется, ищет, стремится и т.д. А в 9 классе при изучении лирики Лермонтова говорим о развернутом сравнении в стихотворениях «Поэт», «Нищий», прошу привести пример, и мне называют «Парус» как сопоставление образа поэта и «мятежного» паруса. Проблемные вопросы усложняются, становятся темой обсуждений, дискуссий, заданием для групповой работы, дают возможность высказать свою точку зрения каждому. Также я использую как вид работы по русскому языку и литературе ответы на проблемные вопросы, как устные, так и письменные.

Продуктивное письмо может совершенствоваться только при постоянных упражнениях. При этом необходимо обращать внимание учащихся на то, что данная работа должна представлять собой рассуждение с непременной аргументацией («Я так считаю, потому что...»).

*Технологию проектного обучения я* использую в работе относительно недавно. В процессе

проектной деятельности у учащихся формируются умения самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развивается критическое мышление. Проект предполагает самостоятельную деятельность, выполненную индивидуально, парно, группой за определенный период времени. Проектная деятельность всегда направлена на решение конкретной проблемы, использование для этого различных методов и средств, интегрирование знаний и умений учащихся из разных предметных областей. Разработан исследовательский проект по творчеству М.А. Булгакова «Проблема милосердия и сострадания в романе «Мастер и Маргарита».

